



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

Филология және Көптілді білім беру институты
Институт филологии полиязычного образования
Institute of Philology and multilingual education

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы
Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»
Series «Multilingual education and philology of foreign languages»

№ 4 (16)

2016

АЛМАТЫ

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

УДК 378.016:811.111

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

*Абуов Ж.А. – д.ф.н., профессор, зав.кафедрой профессиональных-ориентированных языков,
КазНПУ им.Абая.*

*Каримсакова А.С. – преподаватель английского языка, кафедра языков,
Западно – Казахстанский государственный медицинский университет имени М.Оспанова*

Компьютерная коммуникация находится сегодня на острие глобальной информационной революции и не может не затрагивать образование. Не удивительно, что педагоги все чаще обращают внимание на эту динамичную область, которая обещает радикально изменить современную практику образования. Перечень регулярных изданий и конференций, посвященных проблемам «глобального информационного сообщества», быстро растет. Поэтому изучение интернет-технологий в учебном процессе является актуальным на сегодняшний день и представляет практическую значимость для методики преподавания любой учебной дисциплины.

Ключевые слова: интернет-технологий, телекоммуникационная технология, компьютерные модели, учебный процесс.

Компьютерная коммуникация находится сегодня на острие глобальной информационной революции и не может не затрагивать образование. Не удивительно, что педагоги все чаще обращают внимание на эту динамичную область, которая обещает радикально изменить современную практику образования. Перечень регулярных изданий и конференций, посвященных проблемам «глобального информационного сообщества», быстро растет. Поэтому изучение интернет-технологий в учебном процессе является актуальным на сегодняшний день и представляет практическую значимость для методики преподавания любой учебной дисциплины.

«Интернет-технологии в образовании представляют собой глобальный комплексный набор современных, единых во всем мире, компьютерно-сетевых (телекоммуникационных) инструментальных средств, универсальное программно-методическое обеспечение, а главное, многожанровую всеобъемлющую информационную среду, включающую огромные мировые массивы информации, как накапливаемой, так и "блуждающей" в сети в реальном масштабе времени, что позволяет наполнить учебный процесс невиданным ранее объемом информации, как по количеству, доступности и распознаваемости, так и мобильности отыскания и использования...» [1].

Прежде всего, телекоммуникационные технологии обеспечивают возможность проведения дистанционных уроков, показа видеоматериалов и анимационных материалов, находящихся на различных образовательных серверах, работы над учебными телекоммуникационными проектами, асинхронной телекоммуникационной связи, организации дистанционных олимпиад по информатике. При этом серверы дистанционного обучения обеспечивают интерактивную связь с учащимися через Интернет, в том числе, и в режиме реального времени. Телекоммуникационные технологии обеспечивают доступ к базам данных по различным областям знаний.

Современные интернет-технологии должны быть мультимедийными, многоуровневыми, содержать гипертекст, современную графику, компьютерные модели должны быть по возможности интерактивными. Ниже в таблице приведены использование современных компьютерных

телекоммуникационных технологий для интенсификации процесса усвоения учебного материала с элементами дистанционного обучения, в которую добавлены характеристики современных мультимедийных программных средств, ориентированных на работу в сети Интернет (комплекс виртуальных лабораторий и интерактивных моделей, глоссарий, каталоги и путеводители, предметный и именной указатели и т.п. (табл. 1).

Таблица 1
Использование возможностей современных компьютерных телекоммуникационных технологий для интенсификации процесса усвоения учебного материала

<i>Элементы процесса усвоения</i>	<i>Возможности интернета для интенсификации элементов процесса усвоения</i>
<i>Восприятие</i>	Комплекс виртуальных лабораторий и интерактивных моделей, анимации, звук, красочность
<i>Понимание</i>	Гипертекст, справочные таблицы, интерактивный словарь, система гиперссылок, глоссарий, каталоги и путеводители
<i>Осмысление</i>	Контроль в журнале работы, помощь в выборе оптимального алгоритма решения; тестовые задания, вопросы
<i>Обобщение</i>	Выделение основных мыслей, схемы, таблицы, диаграммы и т. д.
<i>Закрепление</i>	Повторное воспроизведение важных элементов, воспроизведение других вариантов (многовариантность), тренинг, система дистанционного обучения
<i>Применение</i>	Решение задач, тестов. Работа с интерактивными моделями, выполнение заданий творческого характера, поисковая работа через рекомендуемые проблемные сайты, предметный и именной указатели

Использование разных форм интернет-технологий в обучении, как предметов общеобразовательного цикла, так и предметов специального цикла, способствует углублению знаний учащихся, так как изучаемый материал рассматривается в контексте более широкого спектра проблем. В свою очередь, это создает оптимальные условия для усвоения знаний в системе межпредметных связей. Работа по этим технологиям не только сохраняет структуру образовательного цикла, полностью соответствует требованиям обязательного минимума содержания образования, но и:

- содействует росту успеваемости учащихся по предмету;
- способствует повышению познавательного интереса к предмету;
- формирует навыки самостоятельной продуктивной деятельности;
- позволяет учащимся проявить себя в новой роли;
- способствует созданию ситуации успеха для каждого ученика.

Учащийся берет столько, сколько может усвоить, работает в темпе и с теми нагрузками, которые оптимальны для него. Несомненно, что интернет-технологии относятся к развивающимся технологиям, и должны шире внедряться в процесс обучения. [2]

Влияние использования информационно-коммуникационных технологий на преподавателя.

Интернет – технологии позволяют:

- повышать мотивацию обучения;
- глубина погружения в материал;
- использовать интегративный подход в обучении;
- возможность одновременного использования аудио-, видео-, мультимедиа- материалов;
- возможность формирования коммуникативной компетенции учащихся, т.к. ученики становятся активными участниками урока не только на этапе его проведения, но и при подготовке, на этапе формирования структуры урока;

– привлечение разных видов деятельности, рассчитанных на активную позицию учеников, получивших достаточный уровень знаний по предмету, чтобы самостоятельно мыслить, спорить, рассуждать, научившихся учиться, самостоятельно добывать необходимую информацию. [3]

Эффективность использования интернет-технологий на уроке:

1. Реализуются новые цели образования:

- организация самостоятельной продуктивной деятельности;
- формирование информационной грамотности и компетентности;
- индивидуализация процесса; ценностно-смысловое определение учащихся.

2. Повышается эффективность познавательной деятельности учащихся за счет:

- совершенствования организационных форм и методов обучения, воспитания;
- расширения возможностей доступа к образовательной информации;
- формирования умения самостоятельно приобретать знания;
- визуализации представленной информации;
- ориентации на развитие интеллектуального потенциала обучающихся;
- развития творческого потенциала учащихся;
- незамедлительной обратной связи;
- одновременного использования нескольких каналов восприятия учащихся.

Из всего изложенного и проанализированного выше можно сформулировать основные требования, которым должны удовлетворять учебно-методические и учебные материалы, разработанные для сети Интернет:

1. Реализация в интернет-технологиях современных способов организации учебного процесса, новых наукоемких технологий образования.

2. Целенаправленность обучения (формирования целей обучения на каждом этапе, выбор учащихся индивидуальной траектории обучения в зависимости от сформированных им целей).

3. Организация учения от опыта, ситуации, проблемы, задачи, интереса обучаемого, деятельности, имитирующей его будущую профессиональную деятельность.

4. Направленность на формирование самостоятельности, критичности мышления и активности (позиция «спрашиваю - ищу ответ» вместо традиционной – «преподаватель спрашивает - я отвечаю»).

5. Знание психолого-педагогических особенностей восприятия информации, памяти и мышления, а также закономерностей построения электронных учебников, методических материалов.

6. Уделение большого внимания структуре (курса, раздела, темы), а не объему и содержанию (оно всегда может быть дополнено).

Интернет в последние годы, внедрение этих технологий во многие сферы человеческой деятельности не могло не сказаться на образовании в целом и на педагогическом процессе в частности.

Использование современных телекоммуникационных технологий в учебном процессе может обеспечить передачу знаний и доступ к разнообразной учебной информации наравне, а иногда и более интенсивно и эффективнее, чем при традиционном обучении. [4]

1. Информационные технологии в образовании [Электронный ресурс]: <http://physics.herzen.spb.ru/teaching/materials/gosexam/b25.htm>

2. Информатизация образования в Казахстане (опыт практического применения методики) на русском языке. – Алматы: НЦИ, 2010. – 96 с.

3. Применение информационных технологий в преподавании литературы и других дисциплин гуманитарного цикла [Электронный ресурс]: <http://ito.edu.ru/2011/Ivanovo/TV/TV-0-3.html>

4. Использование ИКТ в образовательном процессе [Электронный ресурс]: http://pedsovet.org/component/option,com_mtree/task,viewlink/link_id,2048/Itemid,5461288/

5. Губин С.Ю., Матчин В.Т., Мордвинов В.А. Интернет-технологии в высшей школе в период реформирования Российского образования. – М., 2007.

6. Домненко В.М., Бурсов М.В. Создание образовательных интернет-ресурсов. Учебное пособие. – СПб.:ГИТМО (ТУ), 2002.

7. Курмышев Н.В., Соколова Г.Ю. Интернет-технологии для работников образования: Метод. Рекомендации; НовГУ им. Ярослава Мудрого. – Великий Новгород, 2004. Ч.2: Основы работы в Интернет.

8. Моисеева М.В., Степанов В.К., Патаркин Е.Д., Иииков А.Д., Туициин Д.Н. Развитие профессиональной компетентности в области ИКТ. Базовый учебный курс. – М.: Изд. дом "Обучение Сервис", 2008.

9. Зайцева С.А., Иванов, В.В. Современные информационные технологии в образовании [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://sgpu2004.narod.ru/infotek/index.htm>

Түйіндеме

Әбуов Ж.Ә. – ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
кәсіби-бағыттағы тілдер кафедрасының меңгерушісі

Каримсакова А.С. – тілдер кафедрасының ағылшын тілі оқытушысы,
М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

Оқыту үрдісінде заманауи телекоммуникативтік технологиялардың қолданылуы

Соңғы жылдары адамзат интернет технологияларын баласының әр түрлі қызмет ету салаларында қолдану білім беру саласына әсерін тигізіп, өзгерістер әкелді. Оқыту үрдісінде заманауи коммуникативтік технологияларды қолдану дәстүрлі оқытуға қарағанда әр түрлі ақпарат көздерін тез қабылдауға оң нәтиже беруде.

Түйін сөздер: коммуникативтік технологиялар, интернет технологиялар, оқыту үрдісі, ақпарат

Summary

Abuov Zh.A. – doctor of philological sciences, chair of professionally-oriented languages
KazNPU named after Abai

Karimsakova A.N. – English teacher of languages department,
West Kazakhstan Marat Ospanov state medical university

The use of modern communication technologies in teaching process

In recent years, the introduction of Internet technologies in many areas of human activity influences on education in general and on the pedagogical process in particular. The use of modern communication technologies in the teaching process can provide knowledge transfer and access to a variety of educational information on an equal basis, and sometimes more intensive and more effective than traditional teaching.

Key words: communication technologies, Internet technologies, teaching process, educational information

УДК378.091.33:811;161.1

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ ТІЛДІК ПОРТФОЛИОНЫҢ

ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Ожантаева М.Б. – Абай атындағы ҚазҰПУ
БМ011900 – Шетел тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: **Асқарова С.А.** – ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ
кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының доценті

Бұл мақалада білім беруде тілдік портфолио қолданудың маңызы мен құрылымы қарастырылады. Мақалада, ең алдымен, шеттілдік білім берудегі қазіргі заманғы жаңа оқыту технологияларына көңіл бөлінген. Қазіргі кезде студенттер өзін-өзі бағалауы керек, ал мұғалім тек қана бағыт-бағдар беріп отыруы тиіс. Осы тұрғыда автор студенттердің өзін-өзі бағалап, білімін саралауға мүмкіндік беретін бірден-бір технология – «Тілдік портфолио» екендігін көрсетуге тырысты. Мұнда студенттер өз жетістік-терін айқын көре отырып, өз білімін өздері бағалай алады.

Түйін сөздер: портфолио, тілдік портфолио, құрылым, жаңа технология

Бүгінгі таңда ғылым мен білім, яғни тек қана өндірісте емес, сондай-ақ күнделікті қолданыстағы тұрмыстық технологияларға дейін қарқынды даму үстінде. Қоғамның қарқынды дамуы мен ұдайы өзгерісіне үнемі ілесіп отыру үшін әр түрлі орта мен мәдениетпен қарым-қатынас жасауға тура келеді, ал бұл үшін ең алдымен әрбір жеке тұлға өзін-өзі дамытып, сол қоғамның өзгерісіне сәйкес өзін-өзі басқарып отыруы тиіс. Сондықтан да білім беру барысында студенттерге өзінің қабілеті мен білімін үнемі жаңартып отыру керектігін үйрету керек. Соның нәтижесінде студенттер өзін-өзі басқару қабілетіне ие болады.

Сондай-ақ, әрбір студент өзіне өмірде не керектігін толық түсініп, өз мақсатын нақты айқындап, жолында кездескен қиындықтарды шешу барысында оны түсініп, оны шешу жолдарын қарастырып, өзін шығармашылық тұрғысынан шындай отырып өз көздеген мақсатына жете алуы керек.

Сындарлы оқытудың негізгі мақсаты – студенттерге қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесін еркін, өзіндік ой пікірлерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған студенттердің дамуына қалыптасуына ықпал етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда қазіргі заманғы дамыған инновациялық педагогикалық технологиялардың арасында жеке тұлғаны қалыптастыруда «тілдік портфолио» технологиясының алар орны ерекше.

Тілдік портфолио – бұл тіл үйренушілердің өздігінен ағылшын тілін қандай деңгейде үйреніп жатқандығын бақылауға жол ашатын, жеткен жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін құжаттар жинағы. Тілдік портфолио - студенттердің тілді қаншалықты игергендерін бағалауға және олардың өзін-өзі бағалауына әсер ететін негізгі құрал.

Шет елдердің білім тәжірибесінде жалпы портфолионың төмендегідей түрлері бар:

- «Жұмыс» портфолиосы.
- «Іс-әрекет» портфолиосы.
- «Көрсету» портфолиосы.
- «Даму» портфолиосы.
- Оқу жоспарының портфолиосы;
- «Дайындық» портфолиосы.
- «Жұмысқа орналасу портфолиосы».
- «ЖОО-на тапсыру» портфолиосы.

Ал, тілдік портфолионың құрылымына келсек, онда:

- Студент суреті.
- Тілдік құжаты.
- Тілді үйренудегі негізгі мәселелер.
- Жетістіктері.
- Қосымша материалдар.

Бұл тілдік портфолионың құрылымы Еуропалық тілдік портфолиоға негізделген.

Тілдік портфолионың әр бөлімінде әр түрлі үлгілер мен ұсыныстар көрсетіледі. Негізінен портфолио қарапайым, нақты әрі мәнді және білікті нұсқаушы мұғалімнің көмегімен құрылуы тиіс. Тілдік портфолионың осылай түрлі бөлімдерден тұруы мен оған аса мән берудің бірден-бір

себебі – әр тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейі, оқу әдісі мен тілді қабылдау стилі және жас ерекшелігіне сәйкес тіл үйренудегі ерекшеліктері әр түрлі болып келетіндігінде.

«Тілдік құжат» бөлімі төмендегідей кезеңдерге бөлінеді:

* Неліктен мен ағылшын тілін үйреніп жүрмін? (Why do I learn English?)

* Мен не біліп, не істеуім керек? (What I must know and do?)

* Мен нені білемін және не істей аламын? (What I know and can do?).

Неліктен мен ағылшын тілін үйреніп жүрмін? (Why do I learn English?) бөлімінде оқушының шет тілін үйрену себебі мен мақсаты көрсетіледі. Студент өз мақсатына сәйкес түрлі нұсқада жаза алады, сондай-ақ бұл бөлімде тіл үйренуші өзіне күш-жігер беру мақсатында ағылшын немесе басқа тілдегі дәйексөзді қосып жаза алады. Портфолионың бұл бөлімін қандай үлгіде жасау керектігін мұғалім мен студент бірге ақылдасып таңдай алады.

* «Мен не біліп, не істеуім керек? (What I must know and do?)» бөлімінде тіл үйренушіге белгілі-бір шкала ұсынылады, мұнда студенттің тілді игеру деңгейі көрсетіледі. Бұл материалды портфолиоға кіріктірудегі бірден-бір мақсат – тіл үйренушіге өзіндік таңдауға мүмкіндік беру, өзінің тілді білу және игеру қабілетін бағалап, белгілі бір уақыт көлемінде тілді игеру барысында нақты деңгейге жетуіне мүмкіндік беру және сол уақыт аралығында жиналған мәліметтерді «Мен нені білемін және не істей аламын? (What I know and can do?)» бөліміне орналастыру.

Жоғарыда көрсетілген кезең барысында студент өзін жігерлендіруді, өзіндік таңдауды, нақты жағдаятқа сәйкес мәліметтер таба білуді, кездескен мәселелердің шешімін тауып, алдына нақты мақсат қоя білуді және сондай-ақ нақты шешім қабылдауды үйренді.

Келесі кезең «Менің тілді үйренудегі мәселелерім (My Language Biography)» деп аталады. Бұл кезең төмендегідей бөлімдерден тұрады:

* Менің тіл үйренудегі мақсатым ... (My own learning goals for...);

* Мен үшін ең қиын мәселе ... (The biggest problem for me...);

* Шешімін тапқан мәселелер ... (Getting better ...).

Бұл кезеңде студенттерге өзінің жеке оқу жоспарын құру керек.

Студенттің жеке оқу жоспары нақты жағдаятты түсінуден (the biggest problem for me) басталып, белгілі-бір кезеңге нақты мақсат қойылады (my own learning goals for ...) және мәселені шешімін таба отырып студент көздеген мақсатына жете алады (getting better).

Осы кезеңде тіл үйренуші ұсынылған шкала бойынша жұмыс жасай отырып, өзінің тілді игеру қабілеті мен деңгейін білу арқылы өзін-өзі бағалай алады. «Шешімін тапқан мәселелер ... (Getting better ...)» бөлімінде тіл үйренуші өзінің тілді үйрену барысында қолданған «жеке стратегиясын» көрсете алады, бұл бөлімді толтыру студенттің тікелей өзінің қалауы мен қызығушылығына байланысты, яғни оқытушы тарапынан бұл бөлімді толтыру міндеттелмейді.

Бұл кезеңнен өзінің тілді игеру және білу деңгейін саралай отырып тіл үйренуші өз қабілетін көрсете алуды, мәселенің шешімін таба білуді және нақты шешім қабылдай білуді үйренеді.

Ең қызықты бөлім – студенттің жеткен жетістіктері көрсетілетін «Менің жетістіктерім» бөлімі. Бұл бөлімде өзін-өзі нақты бағалау үшін тіл үйренуші өзінің жазба жұмыстары, жасаған шығармашылық жұмыстары мен оқыған әдебиеттерінің тізімін, марапаттаулармен және тағы басқа мақтау қағаздары түрлері мен өзіндік бағалау парақшаларын кіріктіре алады.

Өзін-өзі жігерлендіру мақсатында тіл үйренуші презентация жасау арқылы сабақ, сынып сағаты барысында немесе семинарларда слайд-шоу көмегімен өз жетістіктерін көрсете алады.

Тіл үйренуші бұл бөлімде өзінің қатысқан әр түрлі конкурстары мен жобаларын саралай отырып кері байланыс (рефлексия) арқылы дескриптор (түйін сөз) жазады. Түйін сөз әр түрлі үлгіде болуы мүмкін, мысалы: “This is a sample of ... I include it because ...”, “I received this award for ...”, “This shows how much I have improved in ...”, “I am proud of this work, because ...”. Осы үлгідегі түйінсөздер тіл үйренушінің өзінің жетістіктерін, өзінің күшті және әлсіз тұстарын анықтауға, сондай-ақ өзінің алдағы мақсаттарын айқындауға мүмкіндік береді. Оқушы кері байланыс (рефлексия) жасау барысында болған оқиғаны ой елегінен өткізіп талдауды және өз жұмыстарын салыстыра отырып қорытынды шығаруды үйренеді. Кері байланыс және өзіндік бағалау белгілі-бір қорытынды жасауға, түйінді ойды үтір нүктесіне дейін талдап, оған нақты дәлел табуға көмектеседі.

Сондай-ақ рефлексия мен өзіндік бағалаудың өзіндік критерийлері бар:

* 4 балл – жұмыс жоғары деңгейде, өзекті мәселе тереңнен, жан-жақты үтір нүктесіне дейін қамтылған;

* 3 балл – талапқа сәйкес келеді, оқушы мәселені толық түсінуге тырысқан, мәселе жан-жақты қамтылған;

* 2 балл – мақсатқа жетуге ұмтылған, бірақ көзделген мақсат анық емес, тақырып толық ашылмаған;

* 1 балл – әлі де жұмыс істеуді керек етеді, нақты ұйғарым мен бағыт-бағдар жоқ.

Бұл көрсетілген бағалау шкаласының басқа түрлері өте көп, өзін-өзі бағалауда тіл үйренуші тілдік портфолионың үлгісіне байланысты басқа да бағалау түрлерін таңдай алады.

ТП-нің тілді үйретудегі рөлі тіл үйренушінің қатысымдық және мәдениаралық құзіреттілігін қалыптастыруда көмекші қызмет атқаратындығын атап өткен маңызды. Себебі ағылшын тілін оқытудың барлық қызметін ТП-мен алмастыру мүмкін емес. Тілдік портфельді сабақта қолданудың жолдары оқытушының шеберлігі мен біліктілігіне байланысты.

Әр жыл сайын тілдік портфельге арналған папка тіл үйренушінің қалауы бойынша толтырылып отырады. ТП-ның соңғы бетін оқытушы толтырып отырады. Бұл бетте оқытушы тіл үйренушінің қандай оқулықпен, қандай бағдарламамен, қандай жаңа педагогикалық технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тілді үйренгендігін жазып отырады. Сонымен қатар тіл үйренушінің сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы ағылшын тілін үйренудегі қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыруға мінездеме беріледі.

«Портфолионы» оқыту технологиясы ретінде кез келген пәнді оқыту барысында қолдануға болады. Әрине, алғашқыда оқу процесінде қиындық тудыраы сөзсіз, бірақ дегенмен «портфолио» бағалау барысында дәстүрлі бағалау процесін жаңартып, бағалау процесіне аз ғана болсын өз септігін тигізери сөзсіз.

Тілдік портфолио оқытушы мен оқушы арасындағы өзара бірлескен жұмысты талап етеді. Тілдік портфолио ақпараттық, педагогикалық, әлеуметтік қызметтер атқарады.

Тілдік портфолионың ақпараттық қызметі тіл үйренушілердің тілді игеру деңгейін анықтауға; бақылауға мүмкіндік береді. Тілдік портфолионың педагогикалық қызметі оқу үдерісімен тығыз жүзеге асып отырады. Ағылшын тілін оқыту және үйрету үдерісінде нақты нәтижелерге қол жеткізуді жетілдіру, қамтамасыз ету; тілдік білім беру ісінің сапалылығы; оқытушы мен тіл үйренушінің арасындағы тығыз қарым-қатынас; тілді меңгеру деңгейін бағалау және бақылау; оқу үдерісін жоспарлауды жеңілдету; оқытушының да, тіл үйренушінің де кәсіби құзіреттілігін жетілдіріп, жіберген қателерін түзету ТП-ның педагогикалық қызметімен тығыз байланысты.

ТП-ның әлеуметтік қызметі: қоғамдағы әр тіл үйренушінің тілдік және мәдениаралық қатысымын дамытуға; тіл үйренушілердің сөйлеу шеберлігін жетілдіру мотивациясын арттыруға қызмет етеді.

Ағылшын тілін оқытуда тілдік портфельді қолдануда студент пен оқытушы арасындағы жаңа қарым-қатынас ұстанымын басшылыққа алған орынды. Студент пен оқытушының арасындағы жаңа қарым-қатынас ұстанымы тіл үйренушінің жеке басын, оның жеке тұлғалық қабілеттерін, пікірлерін құрметтеуге бағытталған. Студенттердің ағылшын тілінде сөйлеуін қалыптастыру сабақтарында студент – субъект, яғни жеке пікірі, өз әрекеттеріне баға бере алатын адам тұрғысында танылады. Студенттердің ағылшын тілінде қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру сабақтарында тіл үйренуші білімді игеруде өз бетінше ізденістер, зерттеулер жүргізіп, өтілген материалдарды өздігінен меңгеруге ұмтылса, мұғалім студенттің әрекеттерін бағыттаушы рөлінде болып, оның ізденімдік, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ұмтылады. Сондықтан тілдік портфельді оқыту жүйесінде қолдану мұғалім мен студент арасындағы қарым-қатынастың жаңа қағидаларға негізделуіне түрткі болады. Олар ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Тіл үйренуші өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай ахуал болуы басты назарда ұсталынады. Ол үшін оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып, дұрысы мақталып, қатесі еппен түзеліп отырылады.

Тілдік портфолио тіл үйренушілердің ағылшын тілін үйренудегі жетістіктері мен жинақтаған нәтижелерін сараптан өткізіп отыратын жеке құжаты болғандықтан олардың эмоционалдық көңіл-күйімен тығыз байланысты болады. Сондықтан ағылшын тілін үйретуде эмоционалдық көңіл-күйі студенттің іс-әрекетіне, табиғи даму заңдылығына байланысты өрбиді.

Жалпы оқыту процесінде «Тілдік портфолио» сияқты басқа жаңа технология түрлері бар, сондай-ақ оқушының білімін арттыруға септігін тигізер шығармашыл мұғалімдер саны да жетерлік, бірақ қазірде «осылай жасаған дұрыс» немесе «дұрыс емес» сияқты талаптар студенттің өзіндік дамуына мүмкіндік бермейді. Сондықтан да, әрбір тіл үйренушіге өзінің жасаған кемшілігін немесе жетістігін өзіне саралап, ой елегінен өткізуге мүмкіндік берсек, онда әр тіл үйренушіде өзінің жеке ойы қалыптасып, өзінің болашақта дамуына өзі нақты жоспар құра алады.

1. Бабина Е.И. Языковой портфолио как инструмент оценивания и развития учащегося.

2. Иванова Н.В. Языковой портфель как инструмент формирования социо-кросс-культурной компетенции учащегося.

3. Новикова Т.Г., Пинская М.А., Прутченков А.С., Федотова Е.Е. Портфолио в зарубежной образовательной практике. Вопросы образования, 2006. – С.201-238.

4. Федеральный государственный образовательный стандарт общего образования. Начальное общее образование. Российская Академия Образования. – Москва, 2009 г.

5. Федеральный государственный образовательный стандарт общего образования. Начальное общее образование (проект рабочей группы Института проблем образовательной политики «Эврика»).

6. Чичерина Н.В. Самостоятельная работа: личностные стратегии изучения иностранного языка.

7. David Smith Assess Students with Portfolio. Types of portfolios Education Research Consumer Guide.

8. European Language Portfolio: Junior Version/Council of Europe CILT, the National Center for Languages, 2001, 2006.

Резюме

Ожантаева М.Б. – магистрантка 2 курса

по специальности 6М011900 Иностранный язык: два иностранных языка,

Научный руководитель: **Аскарова С.А.** – к.ф.н доцент,

кафедры профессиональной иноязычной коммуникации, КазНПУ им. АБАЯ

Значение и структура языкового портфолио в иноязычном образовании

В этой статье рассматривается структура и значимость использования портфолио. В данной статье главное внимание уделено общим современным методом обучения студентов. В настоящее время студенты должны уметь себя, а преподаватель должны только направлять их. В данном случае автор выбрал, что лучший метод, который помогает студентам оценивать свои работы, это языковое портфолио. Языковой портфолио помогает студентам не только оценивать, а также этот метод мотивацию на основе достигнутой студентами.

Ключевые слова: Портфолио, язык, значения и структура, современное правила обучения

Summary

Ozhantaeva M.B – the 2nd course master specialty of Foreign language: two foreign languages;

Scientific supervisor: **Askarova. S.A.** – candidate of philological sciences,

chair of professional foreign language communication, KazNPU named after Abai

The Structure and Importance of language portfolio in FLE

This article discusses the structure and significance of portfolio use. In this article, the main attention is paid to the common modern method of teaching students. Currently, students should be able themselves, and the teacher should only guide them. In this case, the author has chosen the best method that helps students assess their work, it is a language portfolio. Language portfolio helps students not only to evaluate, and this method is based on the motivation of students' achievement.

Key words: Portfolio, language portfolio, structure, evaluation, achievement

УДК378.091.33:811;161.1

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢИЗЫ МЕН ЖОЛДАРЫ

Ожантаева М.Б. – *Абай атындағы ҚазҰПУ,*
6M011900 – Шетел тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты,
Ғылыми жетекші: Асқарова С.А. – ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,
кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының доценті

Бұл мақалада студенттердің мәдениетаралық құзыретін өзіндік жұмыс беру арқылы дамытудың жолдары қарастырылған және мәдениет пен тілдің өзара байланысына ерекше көңіл бөлінген. Мақалада автор тілдің мәдинетсіз, ал мәдениеттің тілсіз өмір сүре алмайтындығын басты айқындап, егер студент басқа елдің тілін үйренгісі келсе, міндетті түрде ол елдің мәдениетін де үйренуге міндетті екендігін дәлелдей түскен. Оқытушылар, студенттерге бағыт-бағдар беруші ретінде студенттерге шет тілі мен ол елдің мәдениетін қатар үйрету арқылы олардың тек қана білімін арттырып қана қоймай, оларға әлем мәдениетін тануға мүмкіндік туғызамыз.

Түйін сөздер: мәдениетаралық құзырет, өзіндік жұмыс, мәдениет, тіл, өзіндік жұмыс

Еліміздің егемендік алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарға түсуі шет тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Шет тілін оқыту барысында оқушыларды өздеріне жат әлемді түсіне білуге үйрету керек. Олар өз әлемін, тілін, мәдениетін білмей, мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігіне қол жеткізу мүмкін емес. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Әрбір тілді үйренушілер тек сол тілдің жүйесінде кездесетін ерекшеліктерге ғана емес, сондай-ақ сол тілді қолданушы елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Жат мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, басқа мәдениет өкілдерінің әрекеті мен сөзін түсіне білу үшін өз мәдениеті мен басқа мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйренеді. Ал, кейде екі мәдениет өкілі арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар болуы мүмкін. Ол, әрине, тілдегі ерекшеліктер ғана емес, мәдениетке тән өзгешеліктерге де байланысты болып келеді. Өйткені, әрбір тіл мен оны қолданушы тіл иелерінің өздеріне тән ерекшеліктері болады. «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бірін-бірі түсіне бермейді» деп көрсетеді Е.М. Верещагин. Сондықтан да оқушылар жаңа шығармашылық іс-әрекетке, жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге, жеке тұлғалық және мәдениетаралық қарым-қатынаста туындайтын қарама-қайшылықты болдырмауға және оларды шешуге икемді болуы қажет.

Әр мәдениеттің өзіне тән тілдік жүйесі болады. Осындай жүйе арқылы сол мәдениеттің иегерлері бір-бірімен жан-жақты қарым-қатынасқа түсе алады. Мәдениеттегі тілдің рөлін төмендегі анықтамалардан байқауға болады. Тіл дегеніміз:

- мәдениеттің айнасы, себебі онда тек қана адамды қоршап тұрған орта ғана емес, сонымен қатар сол елдің менталитеті, оның ұлттық мінез-құлқы, салт-дәстүрі, нормалар мен рухани байлықтарының жүйесі көрінеді;

- мәдениет ошағы, себебі халық жинақталған барлық материалдық және рухани байлықтар, білім мен дағдылар тілдік жүйеде, яғни фольклорда, кітаптарда, ауыз және жазба әдебиетінде жиналды;

- адамның жеке басын куәландыратын мәдениет құралы, себебі адам тіл арқылы өз халқының менталитетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін өз бойына сіңіреді.

Әр түрлі ғылыми басылымдарда тілге көптеген түрлі ережелер берілген, солардың бәрін жинақтап, тұжырымдай келгенде шығатыны: тіл дегеніміз-өз ойын жеткізетін құрал, яғни қарым-қатынас құралы. Тіл мәдениетсіз өмір сүре алмайды, сондықтан тіл мен мәдениетті бірін-бірінен бөліп, ажыратып қарастыру мүмкін емес. Тіл дегеніміз – мәдениет, ал мәдениет дегеніміз – тіл.

Осы тұжырымдаманы ұстана келе қазақстандық ғалымдар А.Е. Карлинский, Р.З. Загидуллин, Г.М. Алижанова, Л.А. Коробова,

С.К. Абдыгаппарова, М.Е. Медетова, Е.Н. Нурахметов, Д.Д. Шайбақова сияқты ғалымдар мен іздеушілер айтылған мәселеге өз үлестерін қосқан.

Құрметті профессор, ғалым А.Е. Карлинский «Тіл-қарым-қатынас қаруы» деп жазып келген де өз ойын «Тіл-тек қана қарым-қатынас құралы, мәдениет пен қоршаған ортаның құбылыс-тарын бейнелейтін құрал ғана емес, ол мәдениеттің бір бөлігі» деп тұжырымдаған.

Өзінің жұмысында Г.М. Алимжанова тілдің мәдениеттегі орнын анықтай келе «...тіл мәдениеттің қарым-қатынас құралы болуын қамтамасыз етеді. Тіл – мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару...» деп жазды.

Жоғарыда айтылғандай зерттеу жұмыстарынан шыққан қорытындыны тұжырымдайтын болсақ, тіл мен мәдениет бір-бірін толықтырады және бір-бірінсіз өмір сүре алмайды, яғни мәдениет жоқ жерде тіл, тіл жоқ жерде мәдениет бола алмайды.

Тіл үйренушілердің мәдениаралық қатысымын дамыту арқылы олардың өзі өмір сүріп отырған елде мәдениаралық қарым-қатынастың қаншалықты бағалы әрі маңызды екенін түсінеді, ол үшін тіл үйренуші мәдениаралық қарым-қатынас жасаудың шынайы мүмкіндігіне ие болуы керек. Тіл үйренуші ағылшын тілін үйрену арқылы тілдік, сөйлеу материалдарын терең игере отырып, жинақтаған тәжірибесі нәтижесінде саналы түрде ағылшын тілінде сөйлеуге дағды-ланып, тілді өз бетінше үйрену дағдысы қалыптастырады.

Мәдениетаралық түсініктің дамуы – жаңа тілді үйренумен қатар жүретін процесс. Ал шетел тілін сол елдің мәдениетаралық байланысқа түскен кезде адамдар басқа мәдениеттің иегерімен қарым-қатынасқа түседі. Шетел тілін терең меңгергеннің өзінде тілдегі, күнделікті тұрмыс ерекшеліктеріндегі (киім кию, ұлттық аспаздық және тағы басқа), өзін-өзі ұсыну мәнеріндегі ерекшеліктер көп уақытта түсініспеушілікке әкеп соғуы сөзсіз. Бұл айтылған қағида тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын көрсетеді. Осыған байланысты біртіндеп тілді оқыту барысында тілді ғана үйретіп қоймай, сонымен бірге сол елдің мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін де қатар оқыту қажет.

Бұл мәселе көптеген ғалымдардың (Е.М. Верещагин, В.Г. Костамаров, Т.Г. Грушиевидская, В.Д. Попков, А.П. Садохин, С.Г. Тер-Минасова, С.Г. Агапова, Е.В. Милосердова, П.В. Сысоев, Н.В. Елухина, Э.П. Комарова, Н.Г. Баженова, М.В. Бергельсон) еңбектерінде қарастырылған. Бұл аталған ғалымдар тіл мен мәдениеттің тығыз байланысты екенін зерттеген еңбектеріне шолу жасай келе «Мәдениеттің ең маңызды ұлттық-ерекшелік құраушысы – тіл, себебі тіл мәдениет-тің қарым-қатынас құралы болуына ықпал ететін факторлардың негізгісі болып табылады» деген тұжырымдамаға келуге болады.

Профессор С.Ә. Әбдіғали «Қазіргі таңдағы Қазақстанда шетел тілін оқытудың негізгі міндеті – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде үйрету» атты мақаласында осы мәселені жан-жақты қарастырған. Әрбір шетел тілінің сабағы мәдениеттер тоғысуы, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі, себебі әрбір шетел сөзі шетел өмірін және мәдениетін көрсетеді, әрбір сөз сол ұлттың өмірі жөніндегі түсінігін білдіреді» - деп түсіндіреді.

Шеттілдік білім берудегі негізгі мақсаты - мәдениетаралық құзыреттілікті негізге ала отырып коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады, өйткені мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырмай коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Шет тілін үйренуші тұлға мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсе алуы үшін сол елдің мәдениеті мен ондағы ерекшеліктерді білуі тиіс.

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру білім берудің негізгі мақсатымен тығыз байланысты: практикалық, дамытушылық және тәрбиелілік. Тәрбиелілік, яғни ең алдымен шет тілін үйренуші студенттің бойында өз тіліне деген патриотизм мен өзге тілге деген құрметті қалыптастыру. Шет тілін оқыту арқылы біз студенттерге әлемді танытамыз, сол арқылы әр түрлі халықтардың өмір сүру ортасын, олардың салт-дәстүрі мен мәдениетін және сондай-ақ тілдік ерекшеліктерімен де таныстырамыз.

Шеттілдік білім беруде коммуникативті құзыреттілікті дамыту арқылы ғана мәдениетаралық құзыреттілік қалыптасады. Шет тілін үйренуші студенттің ойында «шет тілі» тіркесі ол елдің мәдени құндылықтарына үнілу арқылы ғана нақты көрініс таба алады. Мәдениетаралық құзыреттілікті сол елдің әдебиеті, БАҚ-дағы мәдени ақпараттарға үнілу арқылы және интернет желісінің, фильмдердің көмегімен қалыптастыруға болады.

Шет елдің мәдениетімен танысу өз еліңнің мәдениетімен салыстыру арқылы өздігінен жүріп отыратын процесс. Ең бастысы мұндағы негізгі мақсат - шет ел туралы мәліметтер алып қана

қоймай, олардың жалпыадамзаттық құндылықтарға деген көзқарасын, ойлау жүйесін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын танып білу. Кез келген «шет тілі» кітабы тану және қарым-қатынас жасау құралы ретінде оқушыда әлемнің тілдік, сондай-ақ мәдени бейнесін қалыптастырады, яғни әр түрлі тіл үйрену әдістерімен таныстырады: оқылым, тыңдалым, сөйлеу және хат алмасу. Шет тілін үйретудегі тағы бір ерекшелік тілді үйренудегі әрекет тек қана қарым-қатынас (ауызша және жазбаша) негізінде ғана нәтижеге жете алады.

Мәдениетаралық құзыреттілік шет елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білгенде ғана нақты көрініс табады. Шет елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне оның тілі, тарихы мен мәдениеті жатады.

Шет тілін үйренудегі негізгі мақсат – коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру, ал қалған мақсаттар (білімділік, тәрбиелілік және дамытушылық) негізгі мақсатқа жету барысында өздігінен жүзеге асады.

Шеттілдік білім беруде студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру үшін оның негізгі қасиеттерін қалыптастыру өте маңызды:

- * жайдарлылық (басқа мәдени ортаның адамымен еркін қарым-қатынасқа түсе алу);
- * төзімділік;
- * шет елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көре алу қабілеті;
- * шет тілі мен өзінің ана тілі арасындағы мәдени ерекшеліктерді байқап, оларды тез қабылдай алу қабілеті;
- * шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алу қабілеті;
- * сабақ уақытынан бөлек шет тілін өзінше үйренуге деген қызығушылықтың болуы.

Шет тілін үйрену барысында студент ол елдің менталитеті мен мәдениетін білмей, шет тілін толыққанды игере алмайды. Сол үшін тек қана тілді игеріп қана қоймай, шет тіліне «бөтен тіл» ретінде қарамай, сол елдің «сөйлеу образына» ену керек.

Шеттілдік білім беруде студенттердің бойында мәдениетаралық құзыреттілік шет тілі мен олардың мәдениетін толық игеріп қана қоймай, оны шынайы өмірде, тұрмыста қарым-қатынас жасай отырып қолдану арқылы толыққанды қалыптасады деуге болады.

Мәдениеттің әр түрлі бағыттары тұлғаны жан-жақты қалыптастыруға негізделген. «Шеттілдік мәдениетке» оқушыға оқу, тану, даму және тәрбиелеу арқылы шет тілін үйретуге бағытталған барлық іс-әрекеттер жатады.

Сондай-ақ, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруда проблемалық тапсырмалар беру, диалогтар дайындау, жоба жұмысын орындау, ұжымдық ойлау тапсырмалары т.б. тәсілдер өте тиімді. Яғни, нақтырақ тоқталсақ:

1. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар арқылы түрлендіре оқыту оң нәтиже береді.
2. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында тапсырмалардың түрлі жанрда болуы, ситуациялар жүйесі арқылы өзге елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін қамтуы тиімді болады.
3. Түпкі оң нәтижеге қол жеткізудің негізі ретінде материалдарды мәдениетаралық құзыреттілікке бағыттай оқыту үшін үйренетін шетел тілінің реалияларын, мәдени-ұлттық жүйесін де белсенді түрде пайдалану.
4. Мәдениетаралық құзыреттілік біліктілікті қалыптастырудың зерттеу арқылы белгіленген әдістемесі мен алынған нәтижесі шетел тілі пәнінің мамандарына, болашақ мұғалімдеріне т.б. қолдануына болады.

Сонымен, оқушының мәдениетаралық коммуникацияға құзыреттілігі оның теориялық және практикалық біліктіліктерінің ұштасуы, қарым-қатынастық шеберлікті дамытудың басты факторы болып табылады.

Қорытындылай келе, шеттілдік білім беруде студенттердің мәдениетаралық құзыретін қалыптастыру төмендегі бағыт бойынша жүзеге асады:

- * шет елдің мен халқының өмір сүріп отырған ортасының мәдени аспектілеріне бейімделу;
- * шет ел халқымен қарым-қатынасқа түскенде орын алған жағдайдан шыға білу қабілетін қалыптастыру;
- * шет елдің сал-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен өмір сүру стиліне басқа мәдени ортаның адамы ретінде құрметпен қарап, халқымен қарым-қатынас жасау барысында түсіністік танытуға үйрету;

* өз елінің мәдени ерекшеліктер мен құндылықтарын басқа ортада, яғни шет елде таныстыра алуға үйрету.

Тіл әр түрлі ортадағы адамдарды бір-бірімен байланыстыратын қоңырау іспеттес. Тіл - әр халықты әлемдік мәдениетпен байланыстырушы құрал.

Шет тілін үйрену арқылы оқушылар түрлі елдердің мәдениетімен, сал-дәстүрі мен әдет-ғұрпымен танысады. Ал шет елдің мәдениетін тану дегеніміз - өз елінің мәдениетіне терең үңілу деген сөз, басқа сөзбен айтқанда, мәдениетаралық байланыс көрініс табады. Елдерді, олардың халқын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын және мәдени құндылықтарын салыстыру студент-тердің шет ел жайлы білімін арттырып қана қоймай, өз елінің де тарихы мен мәдениетіне тереңірек үңілуге өз септігін тигізери анық.

1. Пассов Е.И., Царькова В.Б. Концепция коммуникативного обучения иноязычной культуре в средней школе. – М.: «Просвещение», 2000.

2. Костомаров В.Г., Митрофанова О.Д. Коммуникативность как категория науки методике: Межвузовский сборник научных трудов. – Пермь – Москва, 1998.

3. Миролюбов А.А. Культуроведческая направленность в обучении иностранным языкам // ИЯШ, 2001, №5.

4. Бим И.Л. Некоторые исходные положения теории учебника иностранного языка // ИЯШ, 2002, №5. Комитет государственного образовательного стандарта общего образования.

5. Соловова Е.Н., Апальков В.Г. Материалы курса «Развитие и контроль коммуникативных умений: традиции и перспективы». – М: Педагогический университет «Первого сентября», 2010.

Резюме

Ожантаева М.Б. – магистрантка 2 курса

по специальности 6М011900 Иностранный язык: два иностранных языка,

Научный руководитель: **Аскарова С.А.** – к.ф.н доцент,

кафедры профессиональной иноязычной коммуникации, КазНПУ им. Абая

Значение и пути формирования межкультурной компетенции иноязычного образования студентов

В этой статье рассматриваются пути развития межкультурных компетенции студентов с помощью самостоятельной работы. В данной статье главное внимание уделяется взаимосвязи между культурой и языком. Автор старался доказывать, что нет языка без культуры. Если студент изучает иностранный язык, следовательно должен изучать и культуру этой страны. Преподаватель обучающий студентов иностранному языку параллельно ознакомить с культурой изучающего языка и через обучение культуре мы даем возможность распознавать мировой культуры.

Ключевые слова: пути развития, самостоятельным работа, культура, язык, качества

Summary

Ozhantaeva M.B. – the 2nd course master specialty of Foreign language: two foreign languages;

Scientific supervisor: **Askarova. S.A.** – candidate of philological sciences ass. professor. chair of professional foreign language communication Abai KazNPU

Importance and the ways of formation of students' cross-cultural competence

In this article, is considered only for the development of intercultural competence of students with the help of independent work. This article focuses on the relationship between culture and language. The author tried to prove that there is no language without culture. If a student is to learn a foreign language, so should study and culture of this country. Teacher training students to a foreign language in parallel to familiarize with the culture of learning the language and culture through education we enable to recognize world culture.

Key words: culture, language, relationship, intercultural relationship, individual work,

УДК: 378.016.:811.111'36:004

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жұмахмет Ж.И. – Абай атындағы ҚазҰПУ,
6M011900 – Шетел тілі: екі шет тілі мамандығының 2-курс магистранты,
e-mail: month.star.94@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Ешпібетова З.Б. – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,
кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасы, e-mail: akerke-zakeb2@mail.ru

Бұл мақалада еліміздің көркейіп өркеніетті елдер қатарына, әсіресе халықаралық деңгейге көтерілуіне осы заманғы жастарымыздың әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім алып, өсіп келе жатқан жаңа ұрпақтың ең кем дегенде үш тілді болып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білуі тиіс екендігі, Еуропада көптілділік қалыпттылыққа айналып, біз де осыған сөзсіз келуге тиіс екендігіміз және шетел тілін білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілік туралы айту қиын екендігі туралы жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: грамматика, құзыреттілік, грамматикалық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, технология, жаңа технология, ақпараттық технология, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ойын технология.

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 28 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін» - деді [1]. Олай болса, студентті ағылшын пәніне қызығушылығын тудырып, одан әрі дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір оқытушы жолдауға өз үлесін қосуы абзал деп ойлаймын.

Әлемдік өркеніетке ілесе біздің мемлекетіміздің халықаралық деңгейде әр салада түбегейлі өзгерістер енгізуі, достық, ынтымақтастық қатынастар орнатуы, шет тілінің маңыздылығын арттырып отыр. Шетел тілін үйрене отырып студент, өз білімін шыңдайды, басқа ел туралы кең көлемде мағлұматтар алады, салт-дәстүрін, мәдениетін таниды. Сауатты жазып сауатты сөйлеу үшін студентке тек қана сөздік қорды молайту жеткіліксіз. Сонымен қатар әрбір студент грамматикалық сауатты болуы шарт. Ағылшын тілінде грамматиканы жақсы үйрену тілді жақсы үйренудің негізгі шарты болып табылады. Ол үшін студенттің грамматикалық құзыреттілігінің жоғары болуы аса маңызды.

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Оның пайымдауынша, құзыреттілік термині грамматика білімдеріне негізделеді. Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз - жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі.

Құзыреттілік дегеніміз - студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Ағылшын тілі сабақтарында студенттердің грамматикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруда жаңа технологияларды қолданудың маңызы зор [2].

Грамматикалық құзыреттілік туралы сөз бастамас бұрын, коммуникативтік құзыреттілікке тоқталу қажет-ақ. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» - қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – студенттер және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда студенттің тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер студент сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені.

Коммуникативтік құзіреттілік өз ана тілін және басқа тілді білудегі қабілеттілігін қарастырады. Ол құрамына қарай 5 негізгі бөлікке бөлінеді:

1. Грамматикалық құзіреттілік.
2. Социолингвистикалық құзіреттілік.
3. Дискурсивті құзіреттілік.
4. Стратегиялық құзіреттілік.
5. Социомәдениеттік құзіреттілік.

Сонымен коммуникативтік құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Осы құзіреттіліктерді студенттерде қалыптастыру үшін ағылшын тілі сабақтарында оқытудың жаңа технологияларын орынды пайдаланып, ұштастыра білуге ұмтылуымыз керек [3].

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, студенттердің ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру болып отыр. Ал, сабақты жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды.

Заманға сай білімді, әрі білікті нағыз бәсекеге қабілетті майталман маман даярлау оқытушының басты міндеті болып отыр. Сондықтан қазіргі заман талабы оқытудың жаңа технологияларын толыққанды меңгеру тиіс екендігін дәлелдеуде. Сондықтан ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық технологиялар арқылы оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Тілді ақпараттық - коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсеткен болатын: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы - жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек» - деген еді [4]. Осыған орай білім беру ұйымдарында әсіресе жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп толықтыруды талап етеді. Шетел тілін оқыту барысында жаңалықты жатсынбай ұлттық қасиетіміздің асылдарын асқақтата отырып студенттердің жанына нұр құя білу, оларды жақсы қасиеттердің барлық түрін дұрыс ұғынуға, тіл өнерінің мүмкіндіктері арқылы эстетикаға тәрбиелеу қажет. Ертеңгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлтқа деген сүйіспеншілігі қалыптасқан, парасатты азамат тәрбиелеу ең басты міндет. Шетел тілін оқыту – студенттердің жан-жақты дамып жетілуіне, дүниеге көзқарасының, ойы мен санасының, сезімі мен эмоциясының, рухани - адамгершілік көзқарасының, мінезінің қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасауды мақсат етеді.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу;
- білім алуға мотивацияның жоғарылауы;
- өз бетінше жұмыс істей алуы;

- өзін-өзі бақылау және т.б.
- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т.б.)
- әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау және т.б.).
- оқу - тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т.б.

Сөз арқауы компьютерлік технологияны пайдалана отырып, шетел тілі сабағында интернет жүйесін қолдану мәселесі болмақ. Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, тіл үйренушілердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады. Жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, тілін үйренуші елдің өкілдерімен байланысқа түсе алады.

Студенттердің шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар және т.б.

«Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шетел тілі сабағында пайдалану бірден - бір тиімді болмақ:

- электрондық пошта (e-mail), телеконференция, видеоконференция;
- жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда Web.
- серверге жеке шығару;
- ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek/ UltraSmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Alta, Vista, HotBob, Open Text), жүйе ішіндегі әңгіме (Chat).

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, студенттер психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, студенттердің жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, студенттерге өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді. Бұдан оқытушының шетел тілі сабағындағы орнын жоққа шығару деген түсінік туындамауы керек. Керісінше, оқытушы тіл үйренушілердің жеке тұлға ретінде өз тапсырмаларын орындап, жұмыс қорытындысын белгілейтін әлеуметтік - психологиялық жағдай туындата алатын, олардың жұмысына бағыт-бағдар беретін бірден - бір субъект.

XXI ғасырды «қоғамдық ақпараттандыру ғасыры» - деп, жәйден-жәй атамаған. Сондықтан жаңа технология түрлерін ағылшын тілі пәнінің сабақтарында пайдалану, студенттің шығармашылық, интеллекттік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

- I кезең: оқып-үйрену;
- II кезең: меңгеру;
- III кезең: өмірге ендіру;
- IV кезең: дамыту;

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда студенттер:

- лексиканы оқып үйренеді;
- сөйлеу ырғағын игереді;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды меңгереді;
- хат жазуға үйренеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсініп, есінде сақтауға көмектеседі.

Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен студенттерге көмектеседі;

- студенттердің сабаққа деген қызығушылығын оятады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- студенттердің шығармашылығын дамытады;
- студенттерді жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге бағыттайды;
- студенттердің есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін шыңдайды;
- пікірталас, талдау жасау мүмкіндіктеріне жол ашады;

Шетел тілін оқытудағы жаңа технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясында», «Қазақстанда жоғары білімнің міндеттері» бөлімінде: «сыни ойлау мен шығармашылық – жоғары білімге инновациялық тұрғыдан қараудың мәні» - деп көрсетілген. Студенттің өзін-өзі бағалай алуы, тәуелсіз пікір бере білуі оның білімінің сапасын ғана емес, жеке тұлға ретінде қабілеті мен білгірлігін, қоршаған ортаға икемділігін айғақтайды. Осыған орай ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын тиімді қалыптастырудағы міндеттердің бірі олардың сыни, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Е.С. Полат «постиндустриалды қоғам студенті «өздігінен сыни ойлай алатын, қиындықты жеңе алатын, өздігінен шешім қабылдайтын» тұлға болуы керек дейді. Студенттің шетел тілі арқылы айналаны тану, өзіне қажеттіні таңдай алу, өз бетінше іздену, кәсіптік деңгейін арттыра білу шеберліктерін дамытуда сыни ойлау шеберліктерін қалыптастырудың маңызы зор.

Американдық профессор Д.Кластер сыни ойлаудың бес түрлі сипатын ұсынған [5]:

Біріншіден, сыни ойлау дербес, тәуелсіз пікір, баға, сенім, жеке ойлау болып табылады. Мысалы, белгілі бір кітап немесе құбылыс туралы мәтіннен ақпарат алу мен ол еңбектің өзін түпнұсқада оқу екітүрлі нәрсе, өйткені еңбекті түпнұсқада оқыған соң студенттің өзінің жеке, дербес пікірі қалыптасуы мүмкін.

Екіншіден, сыни ойлау шешілетін мәселені қоядан басталады. Студент танымдық әрекеттің субъектісі ретінде мәселе төңірегінде пайда болған қызығушылық пен қажеттіліктерді өтеу үшін өзін қоршаған шексіз мәселелерді көре білуі керек.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Бұл жерде таным үдерісі өзінің кез-келген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпыныспен сипатталады.

Төртіншіден, сыни ойлау басқаларды сендіретін аргументациядан тұруы керек. Аргументацияның негізі пайымдау болады, ол бірнеше дәлелдемелермен, олар нақты дәлелдермен және соңында негіздемемен бекітіледі.

Бесіншіден, сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Өйткені, сыни ойлау жұппен, топпен жұмыс арқылы орындалады және оның ішінде талқылау, түрлі жазбаша жұмыстар барысында мәселенің шешімі ұсынылады. Д.Кластер өнімді пікір алмасуға қажетті бірнеше қасиеттерді атайды: шыдамдылық, басқаны тыңдай білу дағдысы, өз пікіріне жауапкершілік. Оқытушы оқу үдерісін осылайша, шынайылыққа жақындатады.

Б.С. Гершунский сыни ойлауды дамыту әдістері ретінде:

- оқытуда білімді өз бетінше іздену;
- білімді тереңнен ұғыну;
- өз пікірін жақтау;
- теория мен тәжірибені біріктіру;
- жеке, топта жұмыс істеу;
- топ мүшелерінің өзара мәдениетті, құрметті қарым-қатынаста болуын қарастырады.

Сонымен ағылшын тілін оқытуда студенттердің сыни ойлау мүмкіндігі арқылы кәсіптік даярлығын қалыптастыру жолдарына:

- а) сабақта студенттерге жеке тапсырмалар ұйымдастыру;
- ә) жұптық және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру;
- б) оқытудың когнитивті тәсілдерін (дәлелдеу, қорыту, болжау, талдау т.б.) ұйымдастыруды жатқызамыз.

Өзін-өзі реттеу шеберліктері сыни ойлау шеберліктерінің ішіндегі ең маңыздысы, себебі сыни ойлаушының дербес ойлауын жетілдіреді. Өзін-өзі реттеу студент сұраққа жауап бергенде,

пайымдау жасағанда, дәлелдеуде саналы түрде өзін-өзі қадағалауы, бағалауы болып табылады. Олай болса, сыни ойлау дегеніміз студенттің ақпаратты қорыта және бағалай алу қабілеті. Сыни ойлаушы мәселе көтере алатын, қажетті ақпаратты жинақтап, бағалай алатын, нақты сұрыптай алатын, түрлі пікірлерді қолдана, басқалармен қатынас жасай алатын болашақ маман. Ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлау тапсырмаларын қолдану арқылы өз пікірі бар, басқаның пікірін есепке алатын, өздігінен шешім қабылдауға және жаңа ой-пікір ұсынуға қабілетті студенттің сенімділігін, өзіндік сана-сезімін, дербестігін, қалыптастыруға ықпал етеміз.

Ағылшын тілін үйренуде ең алдымен грамматикаға көңіл бөлуіміз керек. Ағылшын тілі грамматикасы ережелермен, мысалдармен түсіндірілсе, кей жағдайда сөйлеу тілінде қолданылуы туралы айтылады да, оны тек жаттап, еске сақтауға ғана болатындығы да кездеседі. Грамматиканы үйретудің қиындығы – оның абстрактілі ойлауында, негізгі технологияның меңгерілуінде.

Грамматика-сөздерді белгілі бір тәртіппен тізбекке тізе отырып, негізгі ойды ұғындыратын ережелер тобы. Грамматиканың негізі-ол сөздерді қосып біртұтас бүтінге айналдыру. Ал, оқытудағы жаңа технологияның маңызды бөлігінің бірі ойын технологиясы болып табылады. Ойын технологиясы арқылы грамматиканы меңгерту өте тиімді. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы студент өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді, қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді және оның еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр студенттің жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде:

- * ойын-сабақ;
- * ойын-жаттығу,
- * сергіту ойындары,
- * дидактикалық мақсаттағы ойындар,
- * логикалық ойындар,
- * грамматикалық ойындар т.б.

Мұндай ойындар студентті жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ студенттерге жеңіл, әрі тартымды, әрі түсінікті болады. Ойын сабақтары студенттердің өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілетін дамытуға үйретеді. Ойын кезінде студенттердің достық сезімін оятып, бір-біріне қамқорлығы, ұжымдық бірлігі нығаяды. Яғни, шәкірттерді жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеуге болады [6].

Қытай даналығында: «Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын; маған көрсетсең, мен есімде сақтаймын; ал өзіме әрекет жасауға мүмкіндік берсең, мен үйренемін» - деп айтылғандай, біз балаға бір ақпаратты тек айтып қана қойсақ, ол ұмытып кетуі мүмкін, көрсетсек есінде қалуы мүмкін, ал ойын үрдісінде студенттің өзіне жасауға мүмкіндік берсек, студент өзі үйреніп кетуі әбден мүмкін.

Сондықтан сабақ барысындағы ойын түрлері мен әрекеттерін қарастыра келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Мәселен: шетелдік оқу орындарындағы ойын әдістерінің жүргізілуі өте еркін, яғни олар ойын барысында өздерін өте еркін ұстайды, рөлдік ойындарды да нағыз образға шынайы түрде ене отырып орындайды, ал біздің студенттердің коммуникативтік ойындарды қолдану барысында, өз ойларын жеткілікті дәрежеде жеткізе алмауы, олардың сөздерді айтуда қателесемін деген ойдың туындауында. Себебі, кейбір қазақ балаларына ұялшақтық пен ұяндық тән, олардың бойында өзгелермен жылдам қарым-қатынасқа түсу сияқты қасиеттер баяу. Міне, осы мәселені шешу үшін, ағылшын тілі сабақтарында студенттердің коммуникативтік сөйлеу біліктілігін қалыптастырып, дамытуда ойын әдісінің рөлі өте зор.

Атақты американдық жазушы Е.Градин «You cannot effectively learn a foreign language until you make a million mistakes in that language. So hurry up and made your million mistakes» - деп айтқандай, кез-келген адам ағылшын тілін сөйлеу әрекетінде миллиондаған қателерді жіберу арқылы үйреніп, шыңдалады [7].

Ойындар студенттің тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде оқу орындарындағы аудитория-ларда

пайдаланатын: ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар, рөлдік ойындар т.б. Осылардың ішінде дидактикалық мақсаттағы ойындардың оқыту үрдісінде студенттердің грамматикалық құзіреттіліктерін дамытуда үлесі зор болып табылады.

Ағылшын тілі пәнінде көбіне рөлдік ойындар, грамматикалық ойындар, танымдық ойындар қолданылады. Ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Оқу үрдісінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, студенттердің білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден студенттердің сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану барысында студент мынадай нәтижеге қол жеткізеді:

1. Әр студенттің шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Студенттің жеке қабілеті анықталады.
4. Студент топ жаруға ұмтылады.
5. Студенттің ойлау қабілеті дамиды.
6. Әр студент өз деңгейімен бағаланады.

Сонымен оқытушы алдындағы ағылшын тілін үйретудегі басты міндет-ағылшын тілі жүйесіндегі негізгі грамматикалық категориялардың айырмашылығын студенттерге түсіндіре отырып, арнайы жаттығулар арқылы тіл үйрету. Сонда ғана түрлі қателіктер студенттер тілінен саналы түрде ығыстырылып, ағылшын тілін қатесіз, дұрыс сөйлейтін болады [8].

Ағылшын тілін меңгеру - заман талабы. Ал, шетел тілі оқытушысының алдына қойған басты мақсаты – студенттерді шетел тілінде еркін сөйлету болса, ал міндеті - шетел тілін үйретудің түрлі әдістерін зерттей келе, ең тиімдісін өз сабағында қолдану. Оны үйретудің тиімді жолдары мен әдістерін қолдану оқытушыға артылған үлкен жауапкершілік. Білімнің жақсы қалануына тек мамандар ғана емес, оқытылу жолдары мен тәсілдері де маңызды рөл атқарады. Сондықтан әрбір шетел тілі пәнінің оқытушысы өз сабақтарында білім саласына қажетті жаңалықты жат-сынбай қабылдап, аянбай еңбек етіп, еліміздің болашағы үшін тер тегулері маңызды. Білімнің сапасын көтерудің қазіргі таңда жолдары көп. Ең бастысы білімді де білікті, ұшқыр ойлы, шығармашылық қабілеті мол ұстаздың шәкіртімен бірлесе еңбек етуі жоғары нәтиже бермек.

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2011.

2. Словарь RWCT. – Алматы, 2006.

3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучение иноязычному говорению». – М.: «Просвещение» 1991. – 22 с.

4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы // Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан, 2003 ж.

5. <http://edu.mcf.kz/article/2298-qqq-09-m10-07-10-2009-syni-oydy-damytu-tehnologiyasy>

6. http://www.rusnauka.com/12_KPSN_2012/Pedagogica/5_108707.doc.htm

7. http://sabah.uzcoz.org/publ/materialy_pedagogov/stati/zha_a_a_paratty_tekhnologijalardy_a_ylshyn_tili_sa_ba_ynda_tiimdi_pajdalanu/7-1-0-420

8. Качалова. К.Н, Израелевич. Е.Е «Наречие» стр.292-300 /Практическая грамматика английского языка. – Киев: «Методика», 2003.

Резюме

Жумахмет Ж.И. – магистрантка 2 курса

по специальности 6М011900 – Иностранный язык: два иностранных языка, КазНПУ имени Абая.

e-mail: month.star.94@mail.ru, Контактный телефон: 87071198290

Научный руководитель: **Ешимбетова З.Б.** – к.п.н.
кафедры профессиональной иноязычной коммуникации КазНПУ имени Абая.
e-mail: akerke-zake62@mail.ru, Контактный телефон: 87474879332

Значение формирования грамматической компетенции в преподавании иностранного языка с помощью новых технологий

Новые технологии дают возможность студентам самостоятельно либо, объединившись, заниматься творчеством, поисками, критически отнестись к результатам своей работы или получить удовлетворение от достигнутых успехов. Кроме этого, они способствуют, наряду с родным и русским языком, усвоению английского языка, и свободно владея тремя языками, знакомить зарубежье со своим народом, его культурой, а также изучать историю и национальную культуру других народов. Для того, чтобы в полной мере владеть английским языком, разумеется, следует знать его грамматику.

Всестороннее применение новых технологий и технических средств в процессе преподавания английского языка позволяет облегчить возможности донесения предмета. Также рассматриваются различные пути и приемы использования мощности информационных средств, чтобы добиться достижения новой системы знаний и мирового мышления в течение короткого времени.

Ключевые слова: Грамматика, компетентность, грамматическая компетенция, коммуникативная компетентность, технологии и новые технологии, информационные технологии, технология критического мышления, игровая технология.

Summary

Zhumakhmet Zh.I. – 2nd course master specialty 6M011900 – Foreign language: two foreign languages, Abai KazNPU . e-mail: month.star.94@mail.ru, contact number: 87071198290
Scientific adviser: **Eshimbetova Z.B.** – candidate of pedagogical sciences, chair of professional foreign language communication Abai KazNPU
e-mail: akerke-zake62@mail.ru, contact number: 87474879332

The importance of formation grammatical competence using new technologies in FLT

New technologies enable students independently or, together, be creative, searching, critical attitude to the results of their work, or get satisfaction from the achievements. In addition, they contribute, along with the native and Russian language, mastering the English language, and fluent in three languages to acquaint foreign countries with its people, its culture, as well as to study the history and national culture of other peoples. In order to be fully proficient in English, of course, should know its grammar.

Extensive use of new technologies and techniques in the teaching of English facilitates the possibility of the subject reports. It also discusses the various ways and methods of using the power of information resources to achieve the achievements of the new system of knowledge and the world of thought for a short time.

Keywords: Grammar, competence, grammatical competence, communicative competence, technology, new technologies, information technologies, critical thinking technology, gaming technology.

УДК: 378.016: 811.512.161

**ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА НЕЙРО-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ РӨЛІ**

Дәуренбек С.Б. – Абай атындағы ҚазҰПУ,
БМ011900–шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: **Кемелбекова З.А.** – филол. ғыл. к.,
Абай атындағы ҚазҰПУ кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының доценті

Біздің қазіргі қоғамымызда көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістердің көбісі мәдениетаралық қатысымның барынша кеңеюіне септігін тигізуде. Сондықтан да қазіргі заманғы ғаламдық даму үрдістері шетел тілдерін оқытудың заманға сай жаңа талаптарын ортаға шығарып отыр. Бұл мақалада шетел тілін оқытудағы соңғы жаңашыл технологиялардың бірі нейролингвистикалық бағдарлау туралы сөз қозғалып, оның шетел тілін оқыту процесіндегі ерекшеліктері мен маңызын анықтау мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: нейролингвистикалық бағдарлау, шеттілдік білім беру, оқыту мазмұны, мәдениетаралық қарым-қатынас, ми каналдары, ақпаратты қабылдау.

Ғаламдық жаһандану кезеңінде ғылым мен техниканың дамыған шағында шетел тілдерін оқыту үрдісі жаңаша бағыт алып өзінің даму шағын кеңінен көрсетуде. Шетел тілін оқытуда көптеген жаңаша әдіс-тәсілдер ойластырылып, адамның шетел тілін тез әрі еркін меңгерулері үшін бағыттталып отыр. Қазіргі таңда шетел тілін оқытуда НЛБ технологиялары жаңаша технологиялардың бірі болып табылады. НЛБ – бұл заманауи психологиялық бағыттардың бірі [2]. Бұл бағыт Америка Құрама Штаттарында 70-жылдардың басында пайда болды. НЛП технологиясының негізін салушылар: Джон Гриндер, Ричард Бендлер, Лесли Камерон-Бендлер, Джудит Делозье, Роберт Дилтс және Дэвид Гордон [2, 39 б.].

Нейролингвистикалық бағдарлау, НЛБ, (ағыл. Neuro-linguistic programming) — тәжірибелік психологияның бағыты болып саналады [2, 17 б.]. Бұл бағыт өмірде белгілі бір жетістікке жеткен адамдар тобының іс-әрекеттерін, сөйлеу әрекеттерін қайталау (үлгілеу) негізінде яғни вербальды және вербальды емес қарым-қатынас түрлерін көшіру арқылы мидың жұмыс жасау ерекшеліктерін ескере отырып қолданылатын бағыт. Қазіргі таңда НЛБ технологиялары әр түрлі мақсатта құрылған компанияларда тренингтердің ұйымдастырылуы арқылы сонымен қатар психологиялық тренингтер соның ішінде сауда, бизнес алаңдарында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар НЛБ төмендегідей алаңдарда қолданылады: сауда, психотерапия, коммуникация, білім, коучинг, спорт, менеджмент, мәдениетаралық қарым-қатынас. НЛБ "Нейро-" психологиялық үрдістер біздің нерв жүйемізбен яғни ми қыртысындағы танымдық үрдістермен тығыз байланысты. "Бағдарлау" ұғымы лингвистика мен мидағы нейрондардың жұмыс жасау қызметінің өзара байланысының көрінісімен ерекшеленеді [3]. Сонымен бірге НЛБ адамның ақпаратты қабылдау барысындағы миының жұмыс жасау ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ақпаратты адам қалай, қандай жолмен қабылдағандығын бір сөзбен айтқанда ми қызметінің жұмыс жасау ерекшеліктерін көрсетеді. НЛБ технологиясы сонымен қазіргі таңда кезде бизнес, саясат, шығармашылық алаңда, медицина және де білім жүйесінде кеңінен қолданылады. НЛБ технологиясының білім саласында соның ішінде кейінгі кездері шетел тілдерін оқыту саласында қолданылу аясы кеңейіп, маңыздылығын арттыруда [7].

Соңғы жылдардағы зерттеулерге сүйенсек қарым-қатынастың 70% пайызы вербальды емес деңгейде жүргізіліп, адамның қарым-қатынасқа түсу барысында орын алатын жест, мимика және т.б. іс-әрекет түрлері саналы түрде емес адамның миының қабылдау үрдістері арқылы қарым-қатынастың түрі кең етек жаюда [1, 160 б.]. Адамдар қарым-қатынасқа түсу барысында ақпаратпен алмасу үрдісінде адамдар өзара тек қана ақпаратты ғана қабылдап қоймай, өзара сөйлемнің қандай түрде айтылып жатқандығын, дауыс ырғағын, екпін мен көңіл-күй сезімдерін ескере отырып қарым-қатынас жасайды. Сондықтан да шетел тілін оқытуда НЛБ технологиялары шетел тілі мен мәдениетінің маңыздылығын ескере отырып оқыту үрдісінде нәтижелі үлгілерді пайдалану мәселелерін қарастырады. Шетел тілін үйрену барысында шетел тілін үйренушілер шетел тілі мен мәдениетін меңгеруде бір тілден екінші тілде ойлау мәселесінде көп қиындықтарға ұшырайды. Шетел тілін меңгеру бұлардан басқа кең мағына шетел тілі мәдениетін, білім жүйесін, адамдары туралы ақпарат яғни бір сөзбен айтатын болсақ шетел тілі және мәдениеті, оның менталитетін білу болып табылады. Ал шеттілдік мәдениет дегеніміз оқытылып

жатқан ел мәдениетінің бір бөлігі. Шеттілдік мәдениет шеттілдік білім беру жүйесінің барлық тұрғылары коммуникациялық оқытуға бағдарланған жағдайда ғана меңгеріледі: танымдық, оқытушылық, дамытушылық және тәрбиелік. Шеттілдік мәдениетті меңгеру дегеніміз шетел тілінде мәдениетаралық қарым-қатынасқа еркін түсе алатын тұлға қалыптастыру.

Сонымен НЛБ технологиялары ми қызметі көмегімен шетел тілінде сөйлесу әрекеттерін үлгілеу, жаңаша тілдік жүйе мен оның механизмдерін қалыптастыруда маңызды. НЛБ технологиялары 3 түрлі жанрда қолданылады: визуалды (көру арқылы ақпаратты жақсы меңгеру), аудиалды (тыңдау арқылы ақпаратты меңгеру), кинестетика (сезіну арқылы ақпаратты меңгеру) [2, 33 б.].

НЛБ технологиялары лингвистика ғылымымен тығыз байланысты. НЛБ технологияларының лингвистикалық аспектілері шетел тілін оқыту үрдісінде де маңызды орынды алмақта. НЛБ технологияларындағы лингвистикалық аспектілер ақпаратты қабылдау барысында мида сол ақпаратты кодтау мен талдауға, сұрыптау мен қабылдауға негіз болады. Лингвистикалық аспектілер мидағы каналдардың жұмыс жасауы мен ақпаратты қабылдауына көмекші болып табылады.

Көру каналы: көру, бақылау, қарау, жарқырау; мәселені қарастыру, өзіндік пікір.

Тыңдау каналы: сөйлеу, үндемеу, шақыру, сөйлесу, дыбыс, дауыс ырғағы, қатты, жай, шулы, әуен және т.б. жүрек пен ақыл үніне құлақ асу.

Сезімдік канал: демалу, сезу, ауру, жұмсақ, қатты, салмақ, суық, ыстық, тайғақ. Мәселенің тереңдігін сезініп, жүрекке жақын алу [2].

Жоғарыда көрсетілген каналдар мен оларға қатысты сөздердің мазмұнын төмендегі мысалдардан байқауға болады. Мысалы, көру қабілеті жақсы дамыған оқушылар: «ертең не болатынын көру керек еді!» немесе «бұл мәселеге басқа көзқараспен қарасақ» секілді сөздерді қолданады. Ал тыңдау қабілеті жақсы дамыған оқушылар болса, «басқа студенттің не дейтінің тыңдайық» деп айтады. Сезімдік тұрғыдан жақсы дамыған оқушылар: «бұл оңай емес мәселені шешуде басқа да пікірлерді назарға алсақ» деп өз пікірлерін білдіреді. Тағы да мысал келтіретін болсақ, сауатты адамдардың көбісінің көру каналдары жақсы дамыған. Олардың көбі ақпарат алу барысында сөйлемнің немесе сөздің қалай жазылатындығына назар аударады, себебі бұл адамдар сөздердің жазылуы мен реті туралы ақпаратты ми қыртысында ұзақ мерзімде сақтайды [6].

НЛБ технологиялары жеке тұлғаға бағытталған тұрғы негізінде жүзеге асады. Ал шетел тілін оқыту барысында жеке тұлғаға бағытталған оқыту қазіргі заман талабы болып соған сәйкес шетел тілін оқыту үрдісінің мазмұнын түбегейлі жаңартылуда. НЛБ технологиялары теориясында шетел тілін оқыту барысында сөйлесу әрекеттерінің маңыздылығы ескеріліп, оқушылардың табиғи жаратылыс ерекшеліктеріне байланысты қолдану басты назарда. Себебі адамдардың әрқайсысы ақпаратты әр түрлі ми каналдары көмегімен қабылдайды. Алайда адамдар ми каналдарының даму тұрғысына байланысты ақпаратты әр түрлі мазмұнда қабылдайды. Адамдар қарым-қатынас жасау барысында бұл каналдар көмегімен ақпарат алмасып, өзінің қабылдау каналының даму тұрғысына байланысты қабылдап ақпаратты талдайды. Егер біз шетел тілін оқыту барысында оқушы миының қай канал тұрғысынан ақпаратты жақсы қабылдайтынын зерттеп, соған байланысты шетел тілін бағдарлап оқытсақ шетел тілі және мәдениеті оқушыларға тез әрі қызықты жолдармен меңгертілетіні анық. НЛБ технологияларын шетел тілін оқытуда қолданып келе жатқан АҚШ-тағы орыс тілі мұғалімі Б.Ливер әр оқушының ақпаратты қабылдау каналының ерекшеліктерін ескере отырып оқытатын болсақ оқыту үрдісі әрі тиімді әрі нәтижелі болатынын атап өтті [5].

Б.Ливердің пікірі бойынша әр оқушы өзінше ақпаратты қабылдайтын болса, әр оқушының ми каналы ерекшеліктерін ескере отырып жаттығулар кешенін ұйымдастыру керек.

Ақпаратты көру каналы арқылы жақсы қабылдайтын студенттердің көбі кітаптарды оқу арқылы тіл туралы оның құрылымы туралы ақпарат алып, меңгереді. Сонымен бірге бұл типтегі оқушылар түрлі жаңа материалдарды кітаптан, тақтадан немесе презентация жасау арқылы меңгереді. Сонымен бірге көру каналы жақсы дамыған оқушылар жазбаша емтиханды ауызша емтихан түріне қарағанда жақсы тапсырады. Сондықтан да олар сөздердің дұрыс жазылу

құрылымын ұзақ мерзімде есте сақтап, жазу барысында орфографиялық қателіктерді аз жібереді. Тыңдау каналы арқылы ақпаратты жақсы меңгеретін оқушылар тобы аудионы тыңдау арқылы жақсы қабылдайды. Көбінесе бұл типтегі оқушылар мен студенттер мұғалімді тыңдау арқылы, лекцияларға үлкен қызығушылықтарын көрсете отырып қатысады. Сондықтан да тыңдау каналы жақсы дамыған оқушылар дискурс, дебат, дөңгелек үстел және т.б қатысу арқылы жаңа материалды өздеріне қабылдап өздерінің білім деңгейін еркін көрсете алады. Сондықтан да бұл оқушылар тобына жаңа материалды аудио немесе видео түрінде көрсетіп талқылау арқылы жеткізуге болады. Сезімдік каналы арқылы ақпаратты жақсы меңгеретін оқушылар немесе студенттер тобы болса рөлдік ойын, бизнес ойындар яғни әр түрлі интербелсенді технологиялар арқылы жаңа материалды меңгереді. Олардың көбісі тақтаға шығудан қысылмай, көпшілік алдында ойларын еркін жеткізе алады.

Американдық ғалым Р. Энтони НЛБ технологияларын қолдану арқылы шетел тілін оқытуда төмендегідей қағидалардың сақталуының маңыздылығын атап өтеді.

- мұғалім шетел тілі сабағында студенттің өзіндік табиғатына, ақпаратты қандай жолмен тез меңгере алатын өзіндік қабілетін ескере отырып, білімгердің қабілетіне сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі мен соған сай тілдік ортаны ұйымдастыруы;

- топтық жұмыс кезінде мұғалімнің жаңа материалды әр түрлі үлгіде ұсынуы;

- оқушылардың шетел тілі сабағында оқу материалын табиғи, өзіндік ерекшеліктеріне сай тез, әрі ұзақ түрде меңгеруі [6].

Сондықтан мұғалім өзінің алдында отырған әр түрлі танымдық ерекшеліктері мен қабілет-тері бар білімгерлердің қызығушылықтары мен қажеттілігін, ең бастысы табиғи ерекшеліктерін біліп соған сәйкесінше оқыту үрдісін жүргізуі тиіс. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту түрінің бір ерекшелігі әр бір оқушыда өзіндік шетел тілін үйрену стратегиясының бар болғандығы. Осыған орай мұғалім:

- шетел тілі сабағында оқушылардың өзіндік табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қабілеттіліктеріне сәйкес оқыту үрдісін жүргізуі;

- әр бір оқушыға оқу материалын әр түрлі форматта ұсынуы;

- оқытудың жеке тұлғаға бағдарланып оқытылуы;

- оқушылардың әр түрлі ойындар арқылы сөйлесу әрекеттерін дамытуы сынды міндеттер, НЛБ технологияларының міндеттерінің бірі болып табылады.

Шетел тілі оқытуда НЛБ технологияларын қолдану арқылы О.П. Крюкова бірнеше стратегияларды өз еңбегінде атап көрсетеді: аффектілік, элеуметтік, метакогнитивтік, есте сақтау үрдісімен тығыз байланысты стратегия, жалпы когнитивтік пен компенсаторлық стратегиялар жиынтығы [4, 126 б.]. Бұл стратегиялар НЛБ технологиялары аясында жеке тұлғаға бағыттанып, ақпаратты әр түрлі каналдар көмегімен меңгеру, әр оқушының өзіндік табиғатына сай шетел тілін оқыту мазмұны көрсетіліп отыр. Оқушылардың ақпаратты қандай түрде, қай канал арқылы қабылдауының мазмұны мен ерекшелігі ескеріліп одан әрі НЛБ технологияларын оқыту үрдісінде дамыту өз нәтижелілігін көрсетуі мүмкін. Жеке тұлғаға бағытталған НЛБ технологияларының теориялық негіздері қысқаша ұсынылып, шетел тілі сабағында оны қолдану ерекшеліктері мен мазмұны да қысқаша көрсетілді.

Қорытындылай келе, адамдар ақпаратты көру, тыңдау және сезімдік каналдары арқылы қабылдап, қоршаған ортамен байланысқа түседі. Яғни бүгінгі таңда НЛБ технологияларының шетел тілін оқыту процесінде қолданылуы оқушылардың ынталарын көтеріп қана қоймай, сонымен қатар шетел тілін сапалы түрде меңгеруге өз ықпалын тигізеді.

1. Байтукалов Т.А. Быстрое изучение иностранного языка от английского до японского. – М.: РИПОЛ классик, 2009. – 160 с.

2. Белянин В.П. Нейро-лингвистическое программирование и обучение иностранным языкам. // Teaching Foreign Languages in the Age of Globalization. // International Conference. Taipei, Taiwan, R.O.C., April, 2000. – P. 17-36.

3. Мусенова Э. А. Техники нейро-лингвистического программирования как средство лично-ориентированного обучения старшеклассников: на примере образовательной области "Химия". Диссертация. 2008. – 238 с.

4. Крюкова О.П. Самостоятельное изучение иностранного языка в компьютерной среде (на примере английского языка). – М.: Логос, 1998. – 126 с.

5. Ливер Б.Л. Обучение всей группы. – М.: Новая школа, 1995.

6. Anthony R. *Advanced Formula For Total Success*. Dilts R.B. *Applications of NLP to Education*. 1980 // *Applications of neurolinguistic programming*. Leaver B. *Teaching the Whole Class*. Corwin Press, 1997.

7. <http://www.pro-nlp.ru/> (НЛП-моделирование дата обращения 05.12.11)

Резюме

Дәуренбек С.Б. – магистрантка 2 курса

по специальности 6М011900 иностранные языки: два иностранных языка, КазНПУ им.Абая

Научный руководитель: **Кемелбекова З.А.** – к.ф.н., доцент

кафедры профессиональной иноязычной коммуникации КазНПУ им.Абая

Роль нейро-лингвистического программирования технологии в обучении иностранного языка

На сегодняшнее время в нашем социуме происходят множество изменений. Множество этих изменений влияют на увеличение расширения межкультурного взаимодействия. Поэтому современные глобальные тенденции развития выдвинули новейшие требования обучения иностранных языков. В этой статье рассматривается о нейро-лингвистическом программировании как одна из новейших технологий обучения иностранного языка и посвящена проблеме определения особенностей и важности технологии при обучении иностранного языка.

Ключевые слова: нейро-лингвистическое программирование, иноязычное образование, содержание образования, межкультурные взаимодействия, каналы мозга, восприятия информации.

Summary

Daurenbek S. – 2nd course master speciality of foreign language: two foreign languages, KazNPU named after Abai

Scientific supervisor: **Kemelbekova. Z.A.** – candidate of philological sciences, KazNPU named after Abai

The role of neuro-linguistic programming technologies in teaching foreign language

Today many changes have been taking place in our society. Many of these changes affect to the expansion of cross-cultural interaction. Therefore modern global trends have been assigned up-to-date requirements of foreign language teaching. This article focuses on neuro-linguistic programming as one of the modern technologies of teaching foreign language and devoted to the problem of determining peculiarities and importance of technology in teaching foreign language.

Key words: neuro-linguistic programming, foreign language education, the content of education, cross-cultural interaction, brain channels, perception of information.

УДК 37.016.811.111

ИСКУССТВО ЭФФЕКТИВНОЙ ПОСТАНОВКИ ВОПРОСОВ

Тутбаева Н.А. – магистрант 2 курса

специальности «Иностранные языки: два иностранных языка», e-mail: knyaz.7575@mail.ru

В данной статье рассмотрена проблема эффективной постановки вопросов, задаваемых в процессе обучения, как учителем, так и учащимися. Подчеркнута важность диалога, приводящего к мотивации и развитию когнитивных способностей учащихся. В статье ставится задача привлечь внимание учителей к проблеме постановки вопросов в процессе преподавания, и к тому факту, что столкнувшись с различными вопросами, учащиеся предоставляют различные, нестандартные и даже странные решения, что, в свою очередь развивает их творческие способности. Также, в статье отражены некоторые негативные факторы, которые препятствуют постановке вопросов учащимися на уроке.

Ключевые слова: вопрос, мышление, познание, процесс обучения, преподавание, критическое мышление, диалог, воображение, понимание, урок, методика

В основе преподавания и обучения лежит искусство задавать вопросы. Слова великого педагога Ш.А. Амонашвили очень точно определяют суть вопросов учителя: «Вопрос, задаваемый педагогом детям, - это клеточка не только методики, но и всей педагогики. Если рассмотреть его под микроскопом, можно познать в нем всю направленность процесса обучения, характер отношений педагога с учащимся, можно познать самого педагога, ибо вопрос - это почерк его педагогического мастерства».

Вопросы привлекали и привлекают внимание ученых во все времена. Аристотель, описывая различные формы мышления, аль-Фараби, рассматривая вопрос как искусство вести беседу, Сократ, используя метод в беседах со своими учениками (сократический диалог), Декарт, указывая на сущность и значение сомнения в познании, определили роль и место вопросов в процессе мышления. Проблемами вопросов занимались в современной науке В.Ф. Берков, А.Д. Гетманова, Ш.А. Амонашвили, Л.Я. Аверьянов, М.И. Махмутов, и др. В зарубежной литературе также немало ученых описывают свои мысли по данной теме: Scott Thornbury, Brandon Cline, Thomas Kasulis и др.

В своей научной работе «Диалог как средство формирования межличностных отношений учителя и учащихся» А.Шибеева отмечает, что «...в процессе формирования межличностных отношений учителя и учащихся гуманитарным дисциплинам принадлежит важная роль. Они не только способствуют развитию у учащихся нравственной и практической готовности к педагогическому диалогу, но и создают учителю оптимальные условия для построения процесса освоения учебного материала как диалогического взаимодействия его субъектов, предполагающего развитие у них личностных установок на равноправие, взаимопонимание и творчество в отношениях друг с другом».

Вопросы – часть диалога, приводящая к мотивации, развитию. Столкнувшись с различными вопросами, учащиеся предоставляют различные, нестандартные и даже странные решения. Если эти ответы, какими бы странными они не были, приводят к приемлемым решениям, эти ответы и решения считаются творческими. Креативность имеет большое значение, в то время как любопытство является постоянным. Любопытство детей заставляет задавать большое множество вопросов ежедневно, в то время как взрослые из желания что-либо узнать задают только 6 вопросов. Исследователи попросили учителей рассказать, почему они задают вопросы учащимся. Они обнаружили, что большинство учителей задают вопросы, в первую очередь, для того, чтобы проверить понимание учащихся, и только оставшая часть - чтобы диагностировать их проблемы. Только 10% учителей использовали вопросы, чтобы побудить учащихся к мышлению. По данным исследований, лишь около 8% вопросов задаются учителями для стимулирования мышления и рефлексии учащихся.

Вопрос, который является основой педагогической задачи побуждает вспомнить, углубиться в процесс обучения и понимания, способствует развитию воображения и решению проблем, удовлетворяет чувство любопытства, и увеличивает творческий потенциал. Обучение является диалогом между учеником и учителем. Вопросы создают ситуации, которые заставляют нас учиться. Для того, чтобы продумать или переосмыслить что-либо, нужно задавать вопросы, которые стимулируют наше мышление. Вопросы, на которые легко найти ответ, часто сигнализируют о полной остановке мышления. Только тогда, когда ответ порождает следующий вопрос, мышление развивается далее. Вот почему мнение, что только те учащиеся, которые

задают вопросы, действительно думают и обучаются, является справедливым. Этому подтверждением являются слова Аверьянова Л.Я., что «...в каждом конкретном случае, употребляя специальную форму вопроса, субъект тем самым, показывает, на каком этапе познания он находится, и какого уровня информация (например, по глубине) ему необходима. Не сама вопросительная форма определяет этап познания, она только обозначает, показывает этот этап. Потребность в определенном знании, выражающаяся в некоторых типичных формах, определяет и форму вопроса...» Все вышесказанное делает процесс постановки вопросов важным в каждом классе. Учащимся нужны вопросы, которые заставляют запустить процесс мышления, и которые будут порождать новые вопросы для того, чтобы двигаться дальше в процессе поиска решения. Мышление не имеет смысла, если оно не идет куда-то, и опять же, вопросы, которые мы задаем, определяют, на каком этапе находится наше мышление. Мы должны постоянно напоминать себе, что мышление начинается только тогда, когда вопросы рождаются как у учителей, так и у учащихся. Если нет заданных вопросов - нет процесса познания и мышления, а это значит, что нет понимания. Поверхностные вопросы приводят к поверхностному пониманию. В подобных ситуациях, учащиеся не просто сидят в тишине, молчит также, их ум.

Вопросы учащихся, в свою очередь, могут оказать нам огромную помощь. Они подскажут нам, насколько хорошо учащиеся нас понимают и что они думают о том, что мы говорим. Если мы начинаем говорить на чересчур высоком уровне, учащиеся перестают понимать нас, следовательно, перестают думать, и, как следствие, не будут задавать никаких вопросов. Вопросы учащихся дают учителю информацию о том, насколько крепка связь с учащимися на данном моменте. Если их поощрять, учащиеся будут задавать вопросы о вещах, которые они не понимают. Эти вопросы дадут нам немедленную обратную связь, и подскажут нам, на что мы должны обратить больше внимания.

Одна из распространенных ошибок учителей состоит в том, что они предполагают, что ответы могут преподаваться отдельно от вопросов. Мышление определяется не ответами, а вопросами. Если бы не возникали вопросы, наука никогда не была бы развита. Кроме того, любая наука существует, пока в ней рождаются новые вопросы. Мы часто даем ответы, выделенные из вопросов. То есть, мы задаем вопросы только для того, чтобы получить «готовые» ответы, а не для того, чтобы породить дополнительные вопросы и побудить к мышлению.

Нельзя не упомянуть о том, что существует много отрицательных факторов, которые мешают учащимся задавать вопросы. Хороший учитель должен постоянно работать над тем, чтобы побороть эти негативные факторы. Первый негативный фактор – страх учащегося почувствовать себя глупым. Учащиеся склонны чувствовать себя глупо, когда задают вопросы. Особенно глупо они чувствуют себя, если учитель отвечает на вопросы таким образом, что выставляют их «дураками» перед сверстниками. По этой же причине учащиеся не задают вопросов, даже когда вы работаете с ним наедине, потому что никто не хочет признавать, что он чего-то не знает. Другой фактор, который часто отпугивает учащихся: ответы учителя выражают его отношение к учащимся. Иногда учитель посылает скрытые сигналы (например, отрицательный тон голоса, односложные ответы и т.д.), которые препятствуют желанию учащегося задать вопрос.

Противоположная ситуация наблюдается в классах, где учитель поощряет вопросы в классе постоянно, используя различные методы. Самое простое, но важное правило, которое мы можем использовать, чтобы стимулировать вопросы, это всегда отвечать на вопросы вежливо, даже если этот вопрос повторяется несколько раз.

Эффективность следующих советов проверена на практике и может быть рекомендована начинающим учителям:

- Подготовьте вопросы заранее.
- Задав вопрос, обведите взглядом весь класс, давая понять, что вопрос обращен ко всем и каждый должен быть готов к ответу.
- Оставляйте время на обдумывание. Это даст учащимся возможность подумать над вопросом и подготовить ответ. Результаты исследований показывают, что на обдумывание ответов на легкие вопросы достаточно 2-3 секунд, а для более сложных вопросов требуется около 9 секунд времени.
- Если вы услышали неправильный ответ, дайте учащемуся возможность «найти» правильный ответ (спросив совета у друзей, посмотрев в справочнике или учебнике, и т.п.).

- Не произносите слов «Ты ответил неправильно». Постарайтесь найти в ответе ученика информацию, близкую к правильному ответу и попросите дополнить ответ.

Слова Ф. Бэкона о важности мастерства правильно задать вопрос «В разумном вопросе заключается половина мудрости» подтверждают необходимость этого.

1. Амонашвили Ш.А., *Здравствуйте, дети!* – М.: Просвещение, 1988. – 207 с.

2. Шибаева, А.А., *Диалог как средство формирования межличностных отношений учителя и учащихся.* – Москва, 1994. – 197 с.

3. Аверьянов Л.Я. *Почему люди задают вопросы?* – М.: «Социолог», 1993. – 152 с.

4. Берков, В.Ф. *Вопрос как форма мысли.* – Минск: Издательство БГУ, 1972. – 133 с.

5. Zainuddin, *Approaches of Teaching ESOL: A Historical review*, Kendall Hunt Publishing Co.Methods, 2011

6. Zoltán Dörnyei, *Creating a motivating classroom environment*

7. Scott Thornbury, *Teachers research teacher talk*, ELT Journal Volume 50, Oxford University Press, 1996

8. <https://4brain.ru>

9. <http://elabuffet.com>

Түйіндеме

Тутбаева Н.А. – «Шет тілдер: екі шет тілі» мамандығының 2-ші курс магистранты,
e-mail: knyaz.7575@mail.ru

Тиімді сұрақтар қою өнері

Бұл мақалада мұғалім мен оқушылардың сабақ барысында тиімді сұрақ қою мәселесі қарастырылады. Оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуы және ынтасына ықпал ететін диалогтың маңыздылығы атап көрсетілген. Мақалада мұғалімдердің назарын оқыту үрдісінде тиімді сұрақтар қою мәселесіне аудару міндеті қойылып отыр. Сондай-ақ оқушылар әр түрлі сұрақтарды кездестіргенде ерекше, қызық жә-не түрлі жауаптар береді. Бұл өз кезегінде оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, мақалада сабақ барысында оқушының өз еркімен сұрақ қоюына кедергі келтіретін кейбір теріс факторлар көрсетілген.

Түйін сөздер: сұрақ, ойлау, таным, оқыту үрдісі, оқыту, сыни ойлау, диалог, қиял, түсіну, сабақ, әдіснама

Summary

Tutbayeva N. – 2nd course master of the specialty “Foreign languages: two foreign languages”,
e-mail: knyaz.7575@mail.ru

The art of effective questioning

This article considers the problem of an effective questioning asked during the lessons by a teacher and students. The importance of dialogues leading to the motivation and the development of cognitive abilities of students was also emphasized in the article. The article seeks to draw attention to the problem of teacher’s questioning in the process of teaching, and to the fact that when faced with a variety of questions, students provide different, unusual and even strange answers that, in its turn, develops their creativity. Also, the article reflects some of the negative factors that hinder the questioning by students in the classroom.

Key words: questions, thinking, knowledge, teaching process, teaching, critical thinking, dialogue, imagination, understanding, lesson, methodology

УДК 373.016:811.111

ПРОБЛЕМНО-ДИАЛОГИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ ИНОЯЗЫЧНОМУ ОБЩЕНИЮ

Сураганова А.К. – КазНПУ им.Абая, магистрантка 2 курса по специальности
6М011900–Иностранный язык: два иностранных языка, ainash-almaty@mail.ru.

Научный руководитель: **Букабаева Б.Е.** – к.ф.н., ст.преп.

кафедры профессиональной иноязычной коммуникации КазНПУ им. Абая

Эта статья посвящена проблеме диалогического обучения на иностранном языке. Обучение диалогическому общению рассматривалось и рассматривается огромным количеством ученых, методистов и педагогов, но до сих пор остается актуальной проблемой в силу своей специфики.

Диалог тем и специфичен, что он ситуативен, соответственно, нельзя предугадать течение и исход беседы. В статье анализируется само понятие диалога, рассматриваются основные известные пути обучения иноязычному диалогическому общению, а также предлагается свое видение обучению диалогу как виду речевой деятельности. Все же, поясним заранее, что формулировка «проблемно-диалогическое обучение» означает вид обучения, а не технологию. А предлагаемая же нами технология к этому виду обучения должна сподвигнуть учащихся к общению, а также активизировать их мыслительную деятельность. Неумение построить адекватный диалог учащимися заключается как правило, не в незнании лексики или грамматической конструкции, а в психологическом барьере и искусственности ситуаций, которые не располагают к общению. Поскольку общение есть необходимое условие любой деятельности человека, то в последнее время в связи с участвующими профессиональными обментами и международным сотрудничеством обучение диалогическому общению приобрело особую актуальность. А с расширением сфер деятельности профессиональное проблемно-диалогическое общение есть необходимое условие при обучении диалогу как виду речевой деятельности.

Ключевые слова: диалог, общение, проблемно-диалогическое обучение, профессиональное общение, диалогическая речь, диалогическое единство, проблемное обучение, проблемная ситуация.

Диалог с греческого означает разговор, беседу. Истоки диалога уходят в глубокое прошлое - в античные времена. Без диалогического общения (на родном языке) невозможна любая деятельность человека, то же время любое общение диалогично. А в последнее время в связи с интеграционными процессами, тесным международным сотрудничеством, академической мобильностью, профессиональными обментами обучение иноязычной диалогической речи становится особо **актуальным**. Проблему диалога рассматривали: Пассов Е.И., Гез Н.И., Гальскова Н.Д., Гурвич П.Б., Жинкин Н.И., Вайсбурд М.Л., Бородулина М.К и др., а так же некоторые казахстанские исследователи, как: Абдрахимова Г.Б., Ахметова Г.Ш. и др., но до сих пор проблема обучения диалогическому общению остается актуальной по той причине, что для учебного общения диалогическая речь представляется особенно трудной, обусловленная своими характеристиками. Прделанный ниже лингвистический анализ - тому подтверждение. **Противоречие** между востребованностью иноязычного диалогического общения и сложностью в овладении этим видом речевой деятельности рождает **проблему**, которую мы формулируем как «Обучение иноязычному проблемно-диалогическому общению». Само понятие диалога может означать и учебный текст и форму общения, и один из видов речевой деятельности. К особенностям диалога относят сочетание рецепции и репродукции, т.е. каждый участник диалога выступает по очереди в качестве слушающего и говорящего. И выделяют такие существенные особенности диалога как: спонтанность реакций, невозможность запланировать диалог.

Гальскова Н.Д. и Гез Н.И. называют диалог межличностным общением, где нет отправителя и получателя, а есть коммуниканты, которые по очереди становятся отправителями и получателями [1, с.203].

Шет тілін оқытуда ең басты мақсат студенттерді шетел азаматтарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету. Мұнда біз мәдениетаралық коммуникацияның маңызды рөл атқаратынын көреміз. Жалпы «мәдениет» дегеніміз не? Бұл терминге ғалымдар әртүрлі анықтама берген. Бұл өте күрделі ұғым. Бұған дәлел ретінде еуропалық әдебиеттерде мәдениетке 400-дей анықтама берілгенін айтуымызға болады. Қазақ тіліне «мәдениет» термині араб тілінен «маданият» - «қала, қалалық» деген сөзінен енген [2, 13 б.]. В.Дальдің сөздігінде «культура» ұғымы: өсіру, өңдеу, күту, білім, ақыл-ой, ізгілік деген мағынада берілген. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағына білдірген. Кейінірек бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымда жұмсалған. Уақыт өте келе еуропалық тілдерде «мәдениет» сөзі «білім беру, даму, қабілеттілік, құрметтеу» сияқты мағыналарға ие болды. «Мәдениет – жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым», - дейді академик Ә.Қайдар. Сонымен қатар, тіл мәдениеттің ажырамас құрамдас бір бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады. Яғни, тілде ұлттың дүние танымы, әдет-ғұрпы, дәстүрлер жиынтығы, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс тапқан. Тіл мен мәдениет әртүрлі семиотикалық жүйеге жатқанымен, олардың өзіндік ұқсастықтары да бар. Мәдениет тіл тәрізді халықтың дүние танымын, оның қорша-ған ортаға деген қатынасын бейнелейді. Тіл мен мәдениет өте күрделі қатынаста болады. Бұл күрделілік, біріншіден, тілдің мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатындығында болса, екіншіден, сол тіл арқылы мәдениеттің өзіндік көрініс табатындығында және бұған қоса, тіл өз алдына дербес жүйе түзейтіндігінде жатыр. Жалпы «мәдениет» ұғымына мәдениеттанушылардың берген анықтамалары бар, солардың бірі: «...белгілі бір өмір салты немесе белгілі бір дәстүрді ұстанатын адамның басқа заңдар мен нормалар ұстанатын адамдардан айырмашылық меже өлшемдері» [4, 210 б.]. Тілмен мәдениет қоғамдағы тарихи өмір сүру кезеңдегі ажырамас процес. Өйткені тіл мәдени контекстіз, ал мәдениет өзінің құрылымында тілсіз толыққанды жүйе ретінде қабылдануы мүмкін емес. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын дәлелдейтін тағы бір жайт - дүниетаным, дәстүр және әдет-ғұрып тілдік белгілерде көрініс таба отырып, тілдік дүние суретін құрайды. Дүниенің тілдік суреті «...белгілі бір ұлттық қауымдастықтың теңдесі жоқ ғажайып тарихи қоғамдық тәжірибесі, заттар мен құбылыстардың, процестердің, белгілі бір халықтың өмір салты мен мәдениет ерекшеліктерімен байланысты, оларға деген айрықша қатынастың ұлттық маңыздылығынан туындайтын ұлттық тілдік ерекшеліктері көрініс тапқан дүниенің айрықша бейнесін құрайды» [1. 66 б.]. Лингвист Халеева И.И. мәдениетаралық қаты-сымға келесідей сипаттама береді, яғни: “Мәдениетаралық қатысым әртүрлі тілдер мен мәдениетке жататын адамдар іс-әрекетінің ерекше жемісі. Бұл тек қана әртүрлі мәдениет пен тілге жататын адамдар арасындағы іс-әрекет емес, сонымен қатар, олардың бір-бірін жат ретінде қабылдайтындықтарынан да байқалады. Сондықтан да, әр түрлі мәдениет пен ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде көрінетін шетел тілі мәдениетпен бірге оқытылуы тиіс”.

Білім беру барысында оқытудың мынадай қызметтері атқарылатындығы белгілі: білім беру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру, ұйымдастыру [5, 10 б.]. Шетел тілін үйреткенде студенттерге тек тілді ғана үйретіп қоймай, тіл мен мәдениетті бір-бірімен байланыстырып, жүйелі білім берудің маңызды жолын қарастырып, қоғамдық құбылысқа сай етіп, нақты ұйымдастырылған білімдерді жас ұрпаққа меңгерту біздің мақсатымыз. Мәдениетаралық құзіреттілік ұғымына тоқталатын болсақ, Г.В. Елизарова: “Мәдениетаралық құзіреттілік - білім мен дағды арқылы

негізделген, қатынастың екіжақты жағымды нәтижесіне қол жеткізетін ерекше табиғаты бар құзіреттілік”. Мәдениетаралық құзіреттіліктің қатысымдық құзіреттілікпен ешқандай сәйкестігі жоқ және ол тек мәдениет медиаторына, қайсыбір тілді шетел тілі ретінде оқып жатқан тілдік тұлғаға ғана тән [9;236].

Тіл – ынтымақтастықтың негізгі көзі, еліміздегі бірлік пен ынтымақтастықтың тірегі. Өзге ұлт өкілдері арасындағы саяси, мәдени қарым-қатынас құралы. Тәуелсіз ел болып, егемендік алғаннан бері мемлекеттік тіл мәселесі еліміздегі ең өзекті мәселенің бірі болып келеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауындағы басты мақсат, ол – 2050 жылға қарай әлемнің аса дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу, мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру, мемлекетімізді барлық сала бойынша белсенді жұмыс жасап, дамыту, оның қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс және тілдік мұраны сақтау және қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз етіп, оның барынша дамуына қол жеткізу. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. Мынау жаһандану дәуірі – көпұлтты мемлекеттер дәуірі болмақ. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы жетеді. Ұлт – тарихтың жемісі. Оның пайда болуы, қалыптасуы тарихи қажеттіліктен туған, экономикалық тұтастық, территория ортақтығы, тіл, мәдениет бірлігі, психология ұқсастығы ұлттың қалыптасуының алғы шартын құрайды. Осындай көп ұлтты, көп тілді мемлекеттердің бірі - АҚШ. Мәселен, африкандық ғалымдардың тіл және саясат тақырыбын зерттеулері бойынша қарасақ: «егер біз барлығымыз бір-біріміздің тілімізді жақсы меңгергенде, ана тіліміз бір тіл болғанда, Америкада ұзақ уақыт бойы құлдық өмір кешпес едік» - деген қара нәсілді ұлттардың ойынан түсінеріміз, тілдің қоғамдағы қызметінің қаншалықты маңызды екенін байқаймыз, яғни Америкаға жер аударылып келген африкандықтар бір тілде сөйлемеген және американдық ағылшынша білме-ген. Ақ нәсілдер мен қара нәсілдер арасында айтарлықтай диалект болғандықтан африкандық балалар оқу орындарында бастапқы кезде дұрыс білім ала алмаған [6, 91–97 б.].

А.П. Садохин мәдениетаралық қатысымды екі аспектіде қарастыру қажеттігін атап өткен, яғни:

- өзінде басқа қатысымды қоғамдастықтың тәртіп стандарттарын, ережелерін, құндылықтарын, тіл білімін білуді ұйғаратын, өзге ел мәдениеті ұқсастығын қалыптастыра алатын қабілет ретінде; мұндай әдісте ақпараттың барынша үлкен көлемін меңгеру мен өзге мәдениетті дәл білу қатысым үрдісінің негізгі мақсат болып табылады; аталған мақсат аккультурацияға қол жеткізу үшін қойылып, өзінің мәдениетіне қатыстылығынан толықтай бас тарту;

- өзінің серіктестері мәдениетінің негізгі элементтері жеткілікті білмесе де, өзге мәдениет қоғамдастық өкілдерімен ұштасуда жетістікке жету қабілеті. Мәдениетаралық құзіреттіліктің аталған түрімен көбінесе қатысым тәжірибесінде кездесуге болады.

Қазіргі таңда, қатысымдық құзіреттілік толық қалыптаспағандығы анықталып отыр. Л.Бахман қатысымдық құзіреттілікті қатысымдық тілдік іскерлік деп алып, оның құрамына төмендегідей құзіреттіліктердің кіретінін атап өтеді:

- тілдік (лингвистикалық);
- дискурсивтік (байланыстылық, логикалық байланыс, ұйымдастыру);
- прагматикалық (қатысымдық мазмұнды әлеуметтік мән-мәтінге сай бере алу іскерлігі);
- ауызекі (лингво - прагматикалық құзіреттілік);
- әлеуметтік лингвистикалық;
- стратегиялық (қатысымдық стратегияларды жетіспейтін білім орнына қолдана алу іскерліктері);
- ойлау - сөйлеу (қатысымдық мазмұнды жасауға дайындық) [3, 2 б.].

Бүгінгі таңда адам факторы өзекті болуына байланысты тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Адам қатысымға түскенде тіл екі жақты қызмет атқарады, яғни ақпарат беру және ақпаратты қайтару. Мұнда тілдің объективті (сөз субъектінің адресатқа ойын жеткізуі, хабарлауы) және субъективті (адамның тілдегі бейнесі) жағына ерекше мән беріледі.

Когнитивті тіл білімінің дамуына байланысты тіл мен ойдың арақатынасы жаңа қарқынмен зерттеле бастады. Когнитивті тұрғыдан алғанда, тіл мен ойлау адамның танымдық қызметінің нәтижесі болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер адамның болмысты қалай концептуалдан-дыратыны туралы мәселеге жаңа қырынан үңілуге жол ашып, концептуалдау теориясының дамуына негіз болды. Мұндай зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді. Тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізіледі. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне тілді жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады филология ғылымдарының докторы О.Жұбаева [7, 45-50 б.]. Демек, егер адам басқа ұлт өкілімен қатысымға түскенде, әңгімеге қатысушы адам оның жан-дүниесін, мәдениетін жақсы меңгергені дұрыс. Шетел тілін оқытқанда осы мәселеге, яғни, студенттердің мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін қалыптас-тырудың маңыздылығына айрықша көңіл бөлінуі қажет.

«Мәдениетаралық қарым-қатынас» дегеніміз филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым С.С. Құнанбаеваның [8,153 б.] айтуы бойынша қарастырсақ, «ол барлық қатысушылар үшін қабылдайтын және тудыратын әрекет пен мотивтің жаңа мағынасын бірге жасау үрдісі» ретінде анықталады, яғни барлық ұлт өкілдері мәдени түрде бірін-бірі түсініп, бірге қарым-қатынас жасау дегенді білдіреді.

Қорыта келгенде, шетел тілі мамандарына қойылатын талаптар өте жоғары. Тіл үйренгенде - ол шетел тілі болсын немесе ана тілі болсын - оқушы сол тілдің барлық мәдени, тарихи құндылықтары мен ерекшеліктеріне көңіл аударуы қажет. «Өз тілің - бірлік үшін, өзге тілің - тірлік үшін; тіл мәртебесі - ел мәртебесі; тіл - достықтың алтын көпірі» дегендей, өз тілімізді де, шетел тілін де саналы түрде білу қажет екендігін осы мақал-мәтелдердің астарынан да түсінуге болады. Тілді жақсы меңгерген адам мәдениетті, білімді, табысты болады және еліміздің елшісі бола алады. Демек, қазіргі білім беру үрдісінде мәдениетаралық қатысымдық құзіреттіліктің маңызы сөзсіз. Шетел тілінде оқытудың мәдениетаралық қатысымдық теориясы шеттілдік білім берудің қазіргі жүргізуші концепциясы ретінде тіл мен мәдениеттің интеграцияланған оқытуына бағытталған. Қарым-қатынасқа түсуші өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрімен және әлеуметтік-рухани құндылықтарымен танысу, мәдениетін, шығу тарихын, және ұлттық ерекшелігінің мәнін білу маңызды екенін әрбір шетел тілін меңгерген адам біледі.

1. Абилхаирова Ж. А. Филолог студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі, диссертация, Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық Университеті. – Алматы, 2010 ж.

2. Ислам Айбарша. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті, диссертация, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері Университеті. – Алматы, 2004 ж.

3. Ержанова А.Е. Мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыруда диалог сөзінің маңызы. – Алматы: Қазақстан, әл-Фараби атындағы қазҰУ, 2016 - <http://group-global.org/en/node/39778>

4. Қашқынбаева З.Қ., Оқыту үдерісінде оқушылардың ғылыми тілмен сөйлеу мәдениетін қалыптас-тыру, диссертация, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы. – Алматы, 2010 ж.

5. Арзан Жумагулова, Мәдениетаралық коммуникация - түрлі мәдениет иелерінің арасындағы тілдік қатынас құралы, <http://group-global.org/ru/publication/24908-mdenietaralyk-kommunikaciya-turli-mdeniet-ielerinin-arasyndygy-tildik-katynas>, 08 маусым 2015

6. Gary Goshgarian, *Exploring language, printed in the USA*, 1992

7. Жұбаева О., А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы, <http://adebiportal.kz/a-bayt-rsyn-ly-aza-t-l-b-l-m-ndeg-kognitivt-lingvistikany-neg-z-n-salushy.page/>

8. Құнанбаева С. С. Қазіргі шет тілді білім берудің теориясы мен практикасы, Алматы, 2011 ж. – 153 -249 б.

9. Елизарова Г.В. *Культура и обучение ИЯ*. – Санкт – Петербург: КАРО, 2005. – 310 с.

Касымова Г. К. – магистрант, Институт Филологии и Полиязычного Образования, КазНПУ им. Абая, zhaina.kassym@gmail.com

Значение формирования межкультурной коммуникативной компетенции в обучении иностранным языкам

Целью данной работы является исследование проблемы взаимосвязи и взаимоотношений двух явлений, присущих любому обществу - языкой культуры - в свете теории межкультурной коммуникации. Условия возрастающей глобализации и осознание важности новых реалий для будущего нашей страны обусловили приоритет ряда направлений в сфере языкового образования. Настоящий период характеризуется интенсивным поиском эффективных путей иноязычного и полиязычного обучения и образования, адекватно отвечающих требованиям современности. Понимание значимости межкультурного общения детерминирует необходимость формирования межкультурной компетенции как первоочередной задачи.

Ключевые слова: иностранный язык, язык, культура, межкультурная коммуникация, межкультурная компетенция, общение.

Summary

Kassymova G.K. – Master's degree student, Institute of Philology and Multilingual Education, Abai KazNPU, email: zhaina.kassym@gmail.com

Importance of formation of intercultural communicative competence in FLT

The article deals with the issue of interrelation and interconnection of two phenomena, characteristic to any human society – language and culture - in the aspect of the theory of intercultural communication. Conditions of ever increasing globalization and realization of the significance of new reality for the future of our country determined the priority of a number of strategies in the sphere of language education. The current period is marked by intensive search for effective ways of foreign language and multilingual education which could adequately meet the contemporary requirements. The relevance of intercultural communication predetermines the necessity of formation of intercultural competence in foreign language education as the upcoming and immediate task.

Keywords: foreign language, language, culture, intercultural communication, intercultural competence, communication.

УДК 378.016:811.111

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ

Убниязова Ш.А. – PhD,

кафедры профессиональной иноязычной коммуникации, КазНПУ им. Абая, г. Алматы

Касымбекова А.Т. – магистр, ст. преподаватель

кафедры профессиональной иноязычной коммуникации, КазНПУ им. Абая, г. Алматы

Каждая культурная, этническая, религиозная и языковая группа склонна рассматривать свои ценности как священные и неприкосновенные. И мы все живем на одной планете и представляем собой единое человечество. В этой работе представлена информация о необходимости формирования студента толерантности. Авторы ставят своей целью показать некоторые аспекты формирования толерантности студента.

Ключевые слова: толерантность, студент, культура, этнос, формирование

В настоящее время Казахстан является участником всех основных международных документов в области образования, защиты прав человека и ребенка. Это - Всеобщая Декларация прав человека, Конвенция о правах ребенка, Международная Декларация экономических, социальных и культурных прав человека, Болонская и Лиссабонская Конвенции в области высшего образования и ряд других. С целью поддержки и реализации рекомендаций Всемирных форумов "Образование для всех" в Джомтьене и Дакаре Казахстан принял Национальный план

действий "Образование для всех". Образование признано одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии национального развития "Казахстан-2030". Стратегический план развития страны до 2020 года также тесно увязывает экономические выгоды в будущем с инвестициями в образование и придает особое значение улучшению качества услуг образования.

Действительно, мы живем во все более многообразном мире, характеризующемся сочетанием многих культур, в котором каждая культурная, этническая, религиозная и языковая группа склонна рассматривать свои ценности как священные и неприкосновенные. И мы все живем на одной планете и представляем собой единое человечество.

Современное общество является открытым для диалога между различными культурами, этносами, религиями с целью обеспечения мира и согласия во всем мире. Однако до сих пор на нашей планете происходят конфликты в политической, социальной, экономической и даже культурной областях жизнедеятельности государств и обществ. Наш век глобализации стоит перед проблемой «выживаемости», «краха» человеческих отношений и ценностей. Во многом для решения данной проблемы необходимы поиски новых подходов, концепции и стратегии, которые изменили бы мышление человека и его взгляды, были бы направлены на достижение согласия на самых разных уровнях отношений с другими. В этих реалиях противоречий необходимо осмыслить место и значение каждого человека в преодолении сложившихся трудностей путем диалога и выработки согласованных действий, не приводящих к войнам и конфликтам на земле. Поэтому современное образование должно пристальное внимание обратить на формирование толерантных отношений среди молодежи.

Вопросами толерантности занимались и продолжают свои исследования философы, культурологи, психологи, педагогики и др. Среди них отметить работы известных ученых, рассматривающие общепсихологические и социокультурные аспекты толерантности (Ю.Бромлей, Р.Р. Валитова, В.А. Лекторский, И.Б. Гасанов, М.П. Капустина, М. Мчедлов, Л.В. Скворцова, В.В. Шалин и др.).

Другие исследователи (А.Г. Асмолов, Д.А. Леонтьев, А.Б. Орлов, С.Л. Братченко, А.У. Хараш, В.А. Тишков и другие) изучали методологические вопросы к созданию педагогики и психологии толерантности. Психологи Г.Ю. Платонов, Г.Ф. Заремба, Б.А. Вяткин, К.В. Судаков обращали внимание на изучение устойчивости в деструктивных и подавляющих ситуациях.

Следующие специалисты как В.А. Лабунская, Л.И. Рюмшина и др. выдвигают идею рассматривать толерантность неразрывно от процессуальных аспектов общения.

Вместе с тем есть также исследователи (А. Г. Асмолов, Л.Д. Гудков, Л.М. Дробижина, В.А. Лабунская, Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова, О.Д. Шарова, А.Н. Малашенко и др.), которые посвятили свои работы изучению проблемы интолерантного поведения человека в различных отношениях.

Среди казахстанских ученых можно выделить диссертационные исследования Картбаевой Ж.Ж. (педагогико-психологические основы формирования толерантного поведения у школьников), Цепковой И.Б. (формирование толерантности как фактор социально-политической стабильности в Республике Казахстан), Подопеда Н.Н. (педагогические условия формирования толерантности общения старшеклассников), Махановой Л.З. (языковые средства выражения толерантности в текстах масс-медиа), Кабылбековой З.Б. (теоретико-методологические основы формирования этнической толерантности у учащихся общеобразовательных школ), Фролова А.А. (проблема диалога и толерантности в философии Фетхуллага Гюлена), Батталовой Ж.С. (толерантность и интолерантность казахстанских масс-медиа), Айдарбекова З.С. (социально-философский анализ идейно-ценностных ориентаций молодежи Республики Казахстан), Муналбаевой У.Д. (научно-педагогические основы этносоциального воспитания современных школьников) и др. Нам близка работа Шаяхметовой М.Н., которая обратила внимание на исследование проблемы формирования этнической толерантности у будущих педагогов.

Если обратиться к этимологии слова толерантность (от лат. *tolerantia*), мы заметим, что изначальное его значение было синонимично терпению, терпимости. Зачастую, толерантность понимают двояко: *внешне* – видимое признание ценностей и принципов другого, как форма соблюдения социальных норм (при этом, внутри человек может с ними не соглашаться,

оспаривать, испытывать чувство раздражения), и *внутреннюю* – способность понять и принять ценности и установки другого. Такую же картину трактовки понятия «толерантность» можно увидеть, обобщив различные определения понятия, среди которых можно выделить два основных их пласта: те определения, которые понимают толерантность как полное принятие и уважение ценностей и принципов другого, и как *терпение, но не принятие, или псевдо-толерантность*.

Общеизвестно, что необходимость для толерантного поведения появляется, прежде всего, в ситуации столкновения различных ценностей, убеждений, принципов, стремлений, целей. Изначальная реакция человека – как правило – оценить или осудить позицию, ценности и убеждения другого. С этой точки зрения интересно взглянуть на влияние феноменологического видения на приобретение человеком внутренней толерантности. В феноменологическом восприятии человек стремится постичь сущность другого человека. Когда происходит такое понимание, происходит также и принятие личности в его индивидуальности и отличиях. С этой точки зрения справедливо утверждать, что условиями для *внутренней* толерантности выступают три принципа, описанные Карлом Роджерсом:

- эмпатия, или умение почувствовать состояние Другого;
- конгруэнтность, или способность искренне выражать свои чувства и убеждения;
- безоценочное принятие (наиболее полноценно выраженная форма толерантности) [1].

Толерантность как одна из составляющих человеческой характеристики, во многом влияющий не только на развитие социально-психологического климата, межличностные отношения, экономику, политику, нам представляется наиболее значимой задачей для успешного развития современного человека и его воспитания. Как правильно и точно отмечал российский философ Ю.А. Шрейдер: «Самая страшная, из грозящих нам катастроф, это не столько атомная, тепловая и тому подобные варианты физического уничтожения человечества (а может быть, и всего живого) на Земле, сколько антропологическая - уничтожение человеческого в человеке» [2].

Поэтому столь всеми уважаемая организация как ЮНЕСКО приняла Декларацию принципов толерантности, утвержденная на своей генеральной конференции 16 ноября 1995 года, гласит: **толерантность** означает уважение, принятие и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявлений человеческой индивидуальности. Ей способствуют знания, открытость, общение и свобода мысли, совести и убеждений.

Какова роль системы высшего образования в формировании толерантности у студентов? Какие технологии, формы организации учебно-воспитательного процесса позволят сформировать у студентов умения жить в согласии со всеми? Для того чтобы ответить на эти вопросы, прежде всего, согласимся с высказыванием В.Таланова: «Воспитание культуры терпения (толерантности) и согласия должно стать одной из центральных тем образования наступившего века» [3]. Гуманизация и гуманитаризация образования – это неотъемлемая часть нравственного воспитания личности. В совокупности гуманистическая позиция и профессиональная компетентность составляют в целом педагогическую культуру личности педагога, так как является «сущностной характеристикой личности педагога». Д.В. Зиновьев, исследуя проблему повышения педагогического мастерства, выдвинул новые требования к педагогу, его мастерству, неотъемлемой частью которого в современных условиях выступает наличие социокультурной толерантности, под которой он понимает моральное качество личности, характеризующее терпимое отношение к другим людям, независимо от их этнической национальности, либо культурной принадлежности; терпимое отношение к иного рода взглядам, нравам, привычкам [4]. Зиновьев выделяет основные структурные компоненты социокультурной толерантности, составляющие так называемую «триаду толерантности»: уважение, симпатия (эмпатия), доброта. Их реализация происходит в деятельности. Эти качества должны входить в профессиональную компетенцию любого будущего специалиста, а особенно педагога.

Когда только, что вступивший в ряд студенческой молодежи, человек, оказывающийся в новых условиях образовательного процесса с уст некоторых преподавателей, иногда слышит странную речь: «Это вам не общеобразовательная школа, где с вами нянчились и занимались воспитанием, а высшая школа не тот уровень образования, где с вами должны говорить об этических нормах поведения, потому что вы уже взрослые люди». К сожалению, они забывают, что воспитательную функцию образования еще никто не отменял, и каждый педагог должен нести такую

обязательную функцию через свой предмет, причем на каждом занятии. Если это не происходит, то трудно будет им успешно сотрудничать со студентами. В связи с этим вытекает необходимость создания соответствующих условий понимания, поддержке и помощи в развитии личности студента, а без толерантного отношения невозможно будет достигнуть успеха в учебно-воспитательном процессе вуза.

В связи с этим В.А. Попков и А.В. Коржуев указывают: «Особо следует отметить возможность формирования культуры толерантности при опоре непосредственно на содержание изучаемых на различных ступенях вузовского обучения дисциплин»[5].

Наблюдения современной вузовской педагогической среды показывают, что уровень сформированности нами исследуемого понятия не может считаться достаточным для эффективного функционирования системы высшего образования и потому требуются разработка и внедрение различных элективных курсов, методик и технологий в вузовский образовательный процесс. Что касается студенческих отношений внутри группы, а также отношений с преподавателем, важно подчеркнуть значимость личностной, неформальной окраски этих отношений. Поэтому, педагог, который не просто осуществляет свою социальную роль, но реализует себя в ней как личность, встретит больше принятия со стороны студентов. Деловые игры и тренинги, направленные на командообразование, в которых студенты могут раскрыться и увидеть друг друга, также повышают степень личностной составляющей во внутри и межгрупповых взаимодействиях, что также способствует формированию толерантности в учебной деятельности.

Если преподаватель сам не обладает качествами толерантной личности, то он не сможет сформировать свойства у своего студента. Для чего целесообразно включать его в такие формы работы, которые дали возможность сформировать у него следующих представлений:

- практически любое глобальное противоречие имманентно присуще системе высшего профессионального образования и в большинстве случаев будет существовать еще длительное время;

- попытки не принимать его во внимание или решать «экстремальным» путем, искусственно затушевывая или преувеличивая значимость одной из пары обуславливающих его полярных «составляющих», непродуктивны, обречены на провал, часто порождают множество новых противоречий;

- попытки разрешения тех или иных противоречий путем внедрения в систему высшего профобразования образования различных инновационных подходов, приемов и способов организации учебного процесса, должны осуществляться их авторами (и авторскими коллективами) в условиях четкого сознания того, что они объективно будут иметь как положительную, так и отрицательную «разрушающую» составляющую – последнее неизбежно, и есть смысл стремиться лишь к тому, чтобы уменьшить и нейтрализовать последнюю [5].

Сегодняшняя действительность такова; что все изучаемые в педвузе дисциплины должны быть ориентированы на формирование у студента нравственных качеств. Поэтому при изучении каждого предмета нужно делать акцент на том, как усваиваемое знание можно применить при воспитании школьников. Необходимо также обучать студентов некоторым элементам педагогической техники (говорить энергично, терпимо относиться к идеям студентов, владеть собой и др.), развивать педагогическое мышление (аргументировать свою мысль яркими фактами, синтезировать в своих суждениях данные разных источников, говорить не заученными фразами, а «своим языком» и т.д.). Студенты должны знать о трудностях, возникающих при развитии ребенка, и уметь им помочь преодолевать трудности. Преподаватели должны обучать студентов к этике, проводить разбор ситуаций, типичных для деятельности учителя, воспитателя, избегая при этом авторитарности и давая возможность для свободного выбора деятельности и творчества.

Каждый преподаватель педвуза обязан знать этапы становления учителя, постоянно быть в курсе того, какие практические задачи решают его студенты, стремиться своей дисциплиной помочь в решении этих задач. Студентов нужно учить всем аспектам педагогического мастерства. Для чего необходимо им предложить элективный курс «Педагогика толерантности», которая должна предлагать обучающимся конкретные методы и приемы реакции на нетерпимость и пути

её устранения или нейтрализации, разъясняющие природу прав человека и формы проявления нетерпимости в мире.

1. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека / Пер. с англ. – М., 1997.
2. Шрейдер Ю.А. Утопия или строительство // Глобальные проблемы и общечеловеческие ценности. – М., 1990. – С. 8.
3. Таланов В. Педагогика толерантности // Высшее образование в России. – М., 2001. № 5. – С. 41.
4. Повышение педагогического мастерства будущего педагога на основе формирования социокультурной толерантности: диссертация ... кандидата педагогических наук: 13.00.08. – Красноярск, 2000. – 148 с.
5. Попков В.А., Коржуев А.В. Теория и практика высшего профессионального образования: Учеб. пособие для системы дополнительного педагогического образования. – М.: Академический Проект, 2004. – 432 с.

Түйіндеме

Убниязова Ш.А. – PhD, кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасы PhD, аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қасымбекова А.Т. – кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының магистры, аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Студенттердің толеранттылығын қалыптастырудың кейбір аспектілері

Мақалада студенттердің толеранттылығын қалыптастырудың кейбір аспектілері қарастырылған. Автор оқу үдерісінде толеранттылықтың мәндік аспектілерін шығуы жағынан әлеуметтік категория ретінде анықтап, толеранттылық адамның әлеуметпен қарым-қатынасының ерекше түрі екендігін жете көрсеткен. Сонымен қатар, толеранттылық ұғымының негізгі мазмұны қоғамдық тұрмыстың жан-жақтылығын түйсіну, жеке тұлғаға сыйластықпен қарау, өзге адамдардың көзқарастарына, түсінігі мен сеніміне және т.б. жеке ерекшеліктеріне шыдамдылық таныта білу; өрескелдік, жауласу және күш көрсетуді мейлінше болдырмау болып табылатындығы жайында айтылған.

Түйін сөздер: толеранттылық, студент, мәдениет, этнос, қалыптастыру

Summary

Ubniyazova Sh.A. – PhD, chair of foreign language communication, Abai Kazakh national pedagogical University **Kassymbekova A.T.** – MA, senior teacher of the chair of foreign language communication, Abai Kazakh national pedagogical university

Some aspects of the formation of students' tolerance

This article touches upon the problem of students' tolerance formation. The author comes to conclusion that without the tolerant relation to students will be impossible to achieve success in teaching and educational process of higher education institution. Tolerance is one of making human activity stability in the conditions of open society, integration of the states, globalization and openness of all spheres. The main content of the concept of tolerance is understanding the public life and individual views of other people, showing the patience to the trust and individual peculiarities of other people.

Key words: tolerance, student, culture, ethnics, formation

ӘОЖ 81'25:791

КӨРКЕМ ФИЛЬМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Бекхожина А.Қ. – магистрант, Шығыс тілдері және аударма кафедрасы,
Шенгелбаева Н.Р. – ф.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Мақалада киноаударманың туу, қалыптасу және көркем фильмдерді аудару түрлерінің қиындықтары, сондай-ақ аудармашының алдында тұрған мәселелерді шешу жолдары баяндалады. Аударма барысында сөз нормасы, ұйқас, артикуляция мәселелері, дыбыс ерекшеліктерін сақтау маңыздылығы жөнінде мәліметтер беріледі.

Түйін сөздер: кинофильм, киноаударма, дубляж, кадрдан тыс аудару, диалог

Кино - өзінің жеке күрделі тілі бар аудио-визуалды өнер. Тегінде мәтін оны құрайтындардың тек бірі ғана. Тиісінше, ол біріншіден эллиптикалық және екіншіден, кинотілдің басқа элементтерінен бөлек қарастырыла алмайды. Кино, негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік кино. Көркем фильм кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол әдеби шығарма желісі немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлердің қатысуымен жасалады.

Киноаударманың негізі төрт түрі бар: субтитр, дубляж, ілеспе және кадрдан тыс аударма. Түпнұсқа мәтінінің аударма баламалылығының ең үлкен деңгейі соңғысында жетуі мүмкін, сондықтан да біз дәл соған аса көңіл бөлеміз.

К.Райс «Мәтіндердің классификациясы және аударма тәсілдері» атты еңбегінде «жазбаша түрде тіркелген, бірақ қабылдаушыға тілдік емес орта арқылы ауысша формада келіп түсетін» аудио-медиялық мәтіндерді бөлек топқа бөледі. [1, 211]. Осы топтың ерекше нысаны ретінде аудармаға келесі талап қойылады: ол «аударма мәтіні тыңдаушыға түпнұсқа мәтіні секілді әсер етуі керек».

Кинофильмдердің мәтіндері диалог, кадрдан тыс пікірлер, өлең сөздері және жазба ретінде беріледі. Басқа аударма мәтіндеріне қарағанда оның жеке ерекшеліктері бар, олар: дыбыстау уақытының шектеулігі, лездік қабылдап алуға есептелген, тиісінше көрерменге максимал ақпаратты және түсінікті болуы тиіс, сондай-ақ аударманың мүмкін нұсқаларын тандауды шарттайтын бейнеқатармен беріледі.

Киноаударма көркем шығарманы аударғанға қарағанда әлдеқайда жеңіл, кейде еркін аудармаға жақынырақ болып келеді. Бұл дубляж кезінде анықталған синхрондылықтың деңгейіне жету, актерлердің еркін қималдарына сәйкес болуы, аудионың бейнемен қатар дыбысталуы үшін аудармашы бастапқы мәтінді трансформациялайды. Бұл сценарийдегі диалогтарды сірестіріп, сөзбе-сөз аудару деген сөз емес. Аудармашы өзі аударып отырған шығарманың мазмұны мен идеясын толық түсініп, оның драматургиялық желісін бұзбастан, фильмнің әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктеріне нұқсан келтірмей, бар бояуымен көрікті де көркем ғып беруге тиісті. Сонда ғана дубляж жасалған фильмді көрушілер оның бір тілден екінші тілге аударылғанын сезбей, жақсы әсер алады. [2, 3]

Аудармашының көп қолданатын аудармашылық тәсілдерінің бірі синтаксистік үйлесімдік, яғни бастапқы тілдегі мәтінді түпнұсқа тілінің артикуляциясына сәйкестендіру. Бұл тәсіл ұзақ фразаның, сонымен қатар түпнұсқа мәтінінің қысқаруына алып келеді.

Көркем фильмдерді аударудың мақсаты «басқа тілде жаңа мәтінді іске асырған бастапқы мәтіннің интерпретация жолымен толықтай эстетикалық қарым-қатынасты жүзеге асыруы» болып табылатын көркем аударманың ерекше түрі. [3,108]

Тиісінше, киноаудармада ерекшеліктердің екі түрін атап көрсетуге болады. Біріншіден, кино өз тілінің ерекшеліктерімен шартталған, ал екіншіден, көркем фильмдердің критерийлерін сақтаудың қажеттілігі.

Киноаударманың дәстүрі әр елде әр түрлі. Қазақстан, Ресей және европаның ірі мемлекеттерінде дубляж және псевдодубляж аударма жасау қалыптасқан. Ал, европаның шағын мемлекеттерінде немесе бірнеше мемлекеттік тілдері бар мемлекеттерде субтитр қолданады. Бұндай жағдай мысалы, Швейцария, Люксембург және Данияда қалыптасқан. Осы мемлекеттерде жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде, соңғы онжылдықтың ішінде халық киноаударманың дубляж және субтитр түріне бейімделіп алғанын және өздерінің қалыпты дағдыларын өзгерткілері жоқ екені байқалады. [4,5]

Қағида бойынша, аудармашы студияда монтаж парағын, яғни диалогтер жазбасын және фильмнің кассетасын алады. Оның міндетіне осы мәтінді аудару және фильмнің бастапқы репликаларымен аударманың дыбысталуын «жинақтау» кіреді.

Тілдерде сөз қарқыны және грамматикалық құрылымдары әртүрлі. Ағылшын тілі қазақ тілімен салыстырғанда анағұрлым ықшам, оның үстіне ағылшындар қазақтарға қарағанда жылдам-мырақ сөйлейді. Бұл аударма мәтінін құрғанда біршама қиындық туғызады, сондықтан аударма мәтінін ағылшын тіліне сүйеніп, сол тілді басшылыққа алып құрған жөн. Бұдан басқа, бүкіл фильм бойы аудармаға қойылған қарқынның өзгермеуі кадрдан тыс аударманың ерекшелігі болып табылады. Сондықтан, осы тілдермен жұмыс істеу барысында максимал толық ақпаратты тілдік құралдардың минимал сандарының көмегімен жеткізу үшін аудармашы компрессия (ықшамдау) тәсіліне жүгінуі тиіс.

Киноаудармада бейне мен мәтін материалының арасындағы байланысты ескеру маңызды, вербалды және бейвербалды білдіру құралдарына бірдей көңіл бөлу керек. Алайда, бастапқы тіл фразасы өзіндік қимылмен берілсе, оған балама табу қиынға түседі. Әр мәдениеттің тілдік қимылдары бірдей бола бермейді. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, әлем елдерінде сәлемдесу рәсімдері әр түрлі. Мысал ретінде, Е.Тұрсыновтың «Шал» көркем фильмінен үзінді алайық. Жол іздеп жүрген жолаушылар басты кейіпкердің үйіне тоқтап, жасы кіші адам жасы үлкен кісіге «Ассалаумағалейкүм» деп екі қолымен қысады, «Уағалейкүмсалам» деп аманын қабыл алып, қол алысады. Бұндай амандасу түрі қазақ мәдениетіне ғана тән.

Сондай-ақ, кейде аудармашы техникалық сипаттағы аудармаға тап болады. Мысалы, монтаждау парағы толық емес, қабылдауға қиын - қуғын, ұрыс, сыбырлап сөйлеу және тағы басқалары сияқты диалогтерді аудару қиындық туғызады. Осындай жағдайларда контекст және бейне бойынша диалогтың мағынасын аудару қажеттілігі туындайды.

Киноаударманың ерекшеліктеріне көркем аударма түрі ретінде қарайық. Аударма фильмді басқа мәдени-тарихи ортаға енгізеді, режиссер өзінің мәдениеті негізінде құрған туындысының қабылдаушысы өзгереді. [5, 128] Аудармашы тек фильмнің тілдік деңгейіне әсер ете алады, ал саундтрекке және бейнелеуге енгізілген ақпарат өзгермейді. Бұл ретте, бейне және дыбыстық рәсімдеуде аударылған фильм көрермендеріне түпнұсқада түсінікті көптеген қоғамдық және мәдени аллюзиялар және метафоралар бар.

В.П. Гайдук аудармашы «айтылым тілімен жұмыс істейді» дейді [6, 96]. Тиісінше, аударма барысында мәдениет айырмашылықтары мен фильм жасаушылардың және аударма нұсқасының жалпы көрермендерінің әлемдік бейнесін ескеру маңызды.

Фильм кейіпкерлерінің тілі автордың табиғи сөйлеу тілі стилін-іскери стильден дөрекі стильге дейін бейнелейді. Аудармада түпнұсқа стилін сақтап қалуда осы өзгешеліктерді аудару қиын, әрі қызықты.

Көркем фильмдерді аудару барысында фильм жаңа көрерменге тек қана түсінікті болып қана қоймай, сондай-ақ түпнұсқа ойы сақталған, кейіпкерлердің образдарын автор қойған стильде жеткізілген, яғни басқа тілдің құралдары арқылы жасалған жаңа туынды болуы керек.

1. Райс К. Классификация текстов и методы перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – М., 1978. – 211 с.

2. Хайдаров Т. «Фильмдердің аудармасы жайында» // Қазақ әдебиеті, 23 наурыз, 1956 ж. – 3 б.

3. Оболенская Ю.Л. Диалог культур и диалектика перевода. – М., 1998. – 108 с.

4. Матасов Р.А. Перевод кино/видео материалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты: дис. ... канд. филол. наук / Матасов Р.А.; Моск. гос. ун-т. им. М.В. Ломоносова. – М., 2009. – 5 с.

5. Szarkowska A. The Power of Film Translation. Translation Journal. Translation Journal, Apr. 2005. Web. 30 Nov. 2009. – 128 p.

6. Гайдук В.П. «Тихий» перевод в кино // Тетради переводчика. №15. – М., 1978. – 96 с.

Резюме

Бекхожина А.Қ. – магистрант, **Шеңгелбаева Н.Р.** – ф.ғ.к., доцент
Шығыс тілдері және аударма кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Трудности перевода художественных фильмов с казахского языка на английский язык

В статье рассматриваются рождение, формирование киноперевода и трудности различных видов перевода художественных фильмов, а также пути решения задач, стоящих перед переводчиком. Предоставляется информация о том, как важно сохранить словесную форму, рифму, артикуляционные звуковые особенности во время перевода.

Ключевые слова: кинофильм, киноперевод, дубляж, закадровый перевод, диалог

Summary

Shengelbayeva N.R. – c.p.s., docent
Bekkhodzina A.K. – 2 year master’s Course student, Chair of Oriental languages and translation,
KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Problems of translation films from Kazakh into English language

The article discusses the birth, formation of film translations and difficulties of different types of feature films, and also the way of solution of problems faced by the translator. Are provided to attention huge information how it is important to keep a verbal form, a rhyme, articulation sound features during the translation.

Key words: cinema, film translation, dub, voiceover translation, dialogue

ӘОЖ 811.512.122.

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР МЕН ТІРКЕСТЕРДІ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ

Бурибаева Ж.Б. – Абай атындағы ҚазҰПУ
кәсіби бағыттағы тілдер кафедрасының аға оқытушысы, janar_0608@mail.ru

Мақалада қанатты сөздер мен тіркестердің аудармасы болашақ аудармашы мамандарды дамытуда көмек құралы ретінде қарастырылады, және ағылшын тіліндегі қанатты сөздер мен тіркестердің қазақ тіліне аудару ерекшеліктері көрсетіледі.

Түйін сөздер: қазақ мақал-мәтелдері, қанатты сөздер, мәдени мұра, мәдени құндылықтар, аудару ерекшеліктері.

Әр халықтың, тіптен, әр жазушының өзіндік ұстанымын, дүниетанымын, ой жүйіріктігін әрі ұшқырлығын көрсететін қанатты сөздерді аудару – қиын да күрделі мәселелердің бірі. Өйткені әр қанатты сөз авторының индивидуалдылық қасиетін көрсетеді. Сондықтан аудармашы дайын формуланы екінші тілге аударып қоймайды. Аудару да өнер демекші, аудармашы өзінің қолданысындағы актив сөздермен, тіркестермен өзге тілдегі қанатты сөзді аударатырып, аударма тілін иеленуші халыққа, оның дүниетанымына бейімдейді. Аталмыш қиындық тек қанатты сөздерге ғана қатысты емес, барлық бағыттағы мәтіндерді аудару барысында туындайтын әмбе-бап қиындық және аударма өнері осы ерекшелігімен де қызықты. Әлемдік интеграция тілі – ағылшын тілін меңгеруге мемлекеттік тілдік саясат тарапынан да мән беріліп жатқандықтан, ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған (кері бағытта емес) қанатты сөздер қоғам мен заман талабына сай оқуға әрі үйренуге, сәйкесінше зерттеуге қызықты тақырып екендігі сөзсіз.

Қанатты сөздер туралы еңбектерді қарастыру барысында оның мақал-мәтелдермен, афоризмдермен бір деңгейде, кейде тіптен шатасып қолданылып жүргендігін аңғардық. Кей еңбекте тіл білімінің фразеология саласында қарастырылады деп, тұрақты сөз тіркестерімен қатар беріледі. Десек айырмашылықтың бар екендігіне тоқтала кетейік. Қанатты сөздер фразеологиялық

мағынада (бірнеше бірліктің бір мағынада жұмсалуды) қолданылуы мүмкін, дегенмен басты айырмашылығы – авторының мәлімдігі. Күнделікті қолданыс барысында авторының кім екендігіне мән беріліп те жатпайтын шығар, дегенмен, түп-төркініне үңілу барысында кімнің сөзі екендігін және қандай жағдайда пайда болғандығын анықтауға болады. Екінші айырмашылығы – қанатты сөз бір ғана лексикалық бірліктен тұруы мүмкін. Ал афоризмдерден айырмашылығы – ықшамдылығында. Қанатты сөздер ықшам әрі жаттауға ыңғайлы келеді. Актив қабатқа өтетін афоризмдер ықшамдылығының арқасында қанатты сөздердің қатарына өтуі мүмкін. Дегенмен, қанатты сөздердің барлығы афоризмдер бола алмайды.

«Қанатты» атауының өзін ең алғаш Гомердің қолданғандығы туралы айтылып жүр. Белгілі антикалық жазушы «Илиада» және «Одессея» шығармашаларындағы ауыздан шығып, тыңдарманға тез жете алатын бірліктерді «қанатты сөздер» деп атаған. Ал әдеби термин ретінде XIX ғасырдың соңында қолданыла бастады. Қазіргі кездегі әлемдік тілдердің көбіне аударылып, әмбебаптық сипаттағы қанатты сөздердің көбі Көне Рим мен Грекия ойшылдары айтып кеткен. Енді жұмысымыздың аталмыш бөлімінде қанатты сөздердің ағылшын тілінен қазақ тіліне және керісінше аударылу ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Қанатты сөздер белгілі ой қорыту үдерістерін жүзеге асыруды қажет етпейді әрі өзінің шығу тарихымен тығыз байланыста санаға әсер етеді. Ал әр тілдегі қанатты сөздердің шығу тарихы сол тілді иеленуші халықтың тарихындағы белгілі оқиғамен, белгілі тұлғалармен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан қанатты сөздерді аудару аудармашы үшін қиын, әрі белгілі фондық білімді меңгермей мүмкін болмайды. Сәтті аударылған қанатты сөздер стилистикалық икемділігінің арқасында сөйлемге еркін еніп, актив қолданысқа өте алады. Жоғарыда айтылған афоризмдер тура мағынада қолданылатын болса, қанатты сөздер әдеби-философиялық жанрдың үлгісі ретінде ауыспалы мағынаны меңзейді.

XX ғасырдың соңында АҚШ-та төмен сапалы, жалған, арзан жаңалыққа құштар басылымдарға қатысты *yellow press* тіркесі пайда болды. 1985 жылы американдық суретші Ричард Оутколт (Richard Outcault) нью-йорктық "The World" газетасының нөмірлерінің біріне әзіл мәтіндері бар суреттер жариялады, олардың қатарында сары жейде киген әртүрлі қызықты сөйленістер айтқан бала бейнеленген болады. Кейін екінші америкалық басылым – "New-York Journal" ұқсас суреттердің сериясын басып шығарды. «Сары балаға» ие болу үшін екі басылым арасында дау туындады. 1986 жылы "New-York Press" газетінің редакторы Эрвин Уордмэн екі газетті *yellow press* деп атап, мақала жариялады. Аталмыш қолданыс кейін қанатты сөзге айналды. Википедия сайтында: *yellow press, is a type of journalism that presents little or no legitimate well-researched news and instead uses eye-catching headlines to sell more newspapers* анықтамасы да берілген. Орыс тілінде де *желтая пресса* қолданысы калькалау әдісімен беріліп, оқырманның көңілінен шығу үшін болмаған дүниені жариялауға дайын басылымдарды анықтау үшін пайдаланылады. Соңғы кезде *сары басылым* тіркесінің қазақ тілінің де актив қабатына өтіп жатқан-дығын байқауға болады. Мысалы, Абай.кз сайтында Алтынбек Мұқышевтің «Сары басылым. Сана сарабындағы соқырлық» мақаласы жарық көріп, онда автор «Сонда қалай, салқынқанды халқымыздың салт-санасы сары басылымнан әрі аспағандығы ма? Әлде, қоғамдағы қорда-ланған мәселені қозғаған басылымнан гөрі, Пугачеваның намадасы мен Киркоровтың балла-дасын жазған газетсымақтар қызықты ма?» дейді.

Лафонтеннің (1621-1695) мысалынан итальян әдеби тіліне еніп, кейін ағылшын тіліне аударылу арқылы өзге ұлттардың қолданысына ауысқан *All roads lead to Rome* қанатты сөзін қазақ тіліне тәржімәлау кезінде *lead* етістігі әртүрлі беріледі: *Барлық жол Римге бастайды /әкеледі /алып барады/жеткізеді*. Бұл қазақ тілінде аталмыш қанатты сөздің толық тұрақталмағандығын әрі тілдегі жарыспалы қолданылған лексикалық бірліктердің абсолюттік синонимділігін көрсетеді.

If Mohammed will not go to the mountain, the mountain must come to Mohammed қанатты сөзінің шығу төркіні туралы әртүрлі әңгімелер бар. Бір нұсқа бойынша Қожанасыр өзін әулие деп таныстырғанда, халық оның дәлелін сұрайды. Сонда Қожа пальма ағашына иілуге тапсырма берсем, иіледі дейді. Дегенмен айтқаны орындалмаған соң, Қожанасыр «Пайғамбарлар мен әулиелерге тәкашпарлық жат. Егер пальма маған келмесе, өзім барайын» депті. Аталмыш әңгіме шамамен 1631 жылы жарық көрген араб жинағында берілген. Белгілі саяхаттанушы Марко Полоның (1254-1324) жазбаларындағы екінші нұсқа бойынша бағдаттық етікші халиф әл-

Муетасимге христиан дінінің басымдығын дәлелдеп ғажайып жасапты-мыс: оның шақыруы бойынша тау оған қарсы қозғалыпты. 1597 жылы ағылшын философы Фрэнсис Бэкон «Адамгершілік және саяси очерктер», «Батылдық туралы» очерктерінде Магомедтің халыққа тауды күшпен қозғалта алатындығын айтып мақтанғандығын, аталмыш іс қолынан келмеген соң, «*Тау Магомедке келгісі келмесе, Магомед өзі барады*» дегендігі туралы айтылады. Қазақ тілінде аталмыш қанатты сөз қолданысқа толық енді дей алмаймыз. Дегенмен, Айбек Қалмағанбетов есімді ақын: «*Таулықтарда Магомед деген алып бар, Ол жөнінде мынандай сөз бар халықта. Егер Магомед тауға өзі бармаса, Тауды онда Магомедке алып бар!*» депті. Бұл – окказионалды қолданыс, дегенмен, тілдегі жаңа бірліктердің индивидуалды қолданыс негізінде қалыптасатындығын ескерсек, аталмыш қанатты сөздің қолданыс аясының кеңеюі мүмкін екендігін айта кетелік. Кей ғалымдардың айтуы бойынша осы қанатты қолданысы мұсылман елдерде пайда болмаған, өйткені пайғамбар мен оның әрекетін сынау сенімнен алшақтау болып қабылданады.

Love triangle қанатты сөзі жұбайлар және үшінші тұлға (ашына) мағынасында қолданылады. XIX ғасырдағы буржуаздық әдебиеттердегі отбасы мәселесінде оған ерекше мән беріледі. Соңғы кездері қазақстандық телеарналардан көрсетіліп жатқан сериалдарды сипаттау барысында *махаббат үшбұрышы* тіркесі жиі қолданыла бастады. Оның дәлелін арналардың сайттарындағы жазбалардан көре аласыз.

Сөздіктерде *honeymoon* қанатты сөзіне *any new relationship characterized by an initial period of harmony and goodwill* деген анықтама беріледі. Аталмыш қолданысты ең алғаш рет Вольтер «Задиг, или Судьба» философиялық романында пайдаланды. Жазушының аталмыш қолданысы әлемнің көп тілдеріне аударылды, соның ішінде қазақ тілінде *бал айы* ұғымы пайда болды. Аталмыш сөз лексикалық формасымен еніп қоймай, алғашқы түсінігін алып келді. Бұрын үйленген жастардың өміріндегі алғашқы айға ерекше мән беру ұғымы болмаса, қазіргі қазақ жастары тойдан кейінгі айды есте қаларлықтай өткізу мақсатында қыдыруға жолдама алып жатады. *Бал айы* кейде үйленуге дейінгі кезеңде де қарым-қатынастың алғашқы сатысын белгілеу үшін пайдаланылады.

Шекспирдің «*Бүкіл әлем – театр, біз оның актерлеріміз*» қанатты сөзі түпнұсқада: *The whole world – theater, and the people in it – the actors* деп берілген. Ағылшын тіліндегі *the people* бірлігі қазақша нұсқасында көпше түрдегі жіктік есімдігімен (*біз*) алынған. Ал өзге бірліктерге қатысты калькалау әдісімен аударылған дей аламыз.

Келесі ағылшын ойшылы Фрэнсис Бэкон «*Knowledge is power*» деген болатын. Аталмыш тіркес қазақ тіліне «*білім – күш*» формасында тікелей аударылған. Дегенмен, «*білім дегеніміз – күш*» аудармасының сәтті екендігін айтуға болады. Біріншіден, ағылшын тіліндегі форма толық сақталады: *is*-дың орнына *дегеніміз* бірлігі беріледі. Екіншіден, білім – күш жалаң тіркесінде байланыс шашыраңқы, айтылымда күрделі сөзге ұқсайды да автордың айтқысы келген мағынасынан өзге мәнде ұғынылуы мүмкін.

Александр Невскийдің «*Кім бізге семсермен келсе, сол семсерден ажал табады*» қанатты сөзі ағылшын тілінде «*those who come to us sword in hand will die by the sword*» деп қолданылып жүр. Түпнұсқасында «*Кто с мечом к нам придёт, от меча и погибнет*» деп берілген қолданыс-тың А.Невскийдің айтқан-айтпағандығы ешқандай тарихи деректермен дәлелденбеді. С. Эйзенштейннің «Александр Невский» фильмінің сценаристі жазған деген де нұсқа бар. Десек те фразаның Евангелиеден алынғандығы көрінеді. Біз үшін маңыздысы қанатты сөздің аударылу ерекшелігі болғандықтан, кімге тиесілі екендігін қазбаламаймыз. Ең бастысы қанатты сөздің анықтамасындағы авторының болуы керек деген талапқа сай келеді. Қазақ тіліндегі аудармасында *sword* сөзінің *семсер* формасының орнына *қылыш* бірлігін де алуға болады. Өйткені қылыш, семсер сөздері – синонимдер. Ағылшын тіліндегі фраза құрамындағы *in hand* бірлігі қазақ тіліндегі формасында түсіп қалған. Аталмыш қолданыс семсердің қолға ұсталатындығын білгендіктен, оны ашып айтып жатудың қажетсіздігімен анықталса керек. Екіншіден орыс тіліндегі (түпнұсқадағы) қолданыста да *на руке* бірлігі жоқ. Бұл қазақ тіліне аударма түпнұсқадан жасалғандығын көрсетеді.

Американың екінші президенті Джон Адамстың *To believe all men honest would be folly. To believe none so is something worse* қанатты сөзі аталмыш еңбекте *Адамның бәрін бірдей арам деп ойлау – алаңғасарлық, ал адал адам атымен жоқ деп есептеу – одан да өткен тонастық* деп аударылды. Синтаксистік құрылым екі бөліктен тұрады. Алғашқы құрамдас бөліктегі *folly* бірлігі

сөзбе-сөз ақымақтық деп аударылады. Аударма авторы алаңдасарлық тіркесін алуды ұйғарған, ол *distraction, inattention, carelessness* лексемаларының мағынасын береді. Қанатты сөз құрылымының жеке бірліктерінің дәлме-дәл берілмегендігіне қарамастан, жалпы мағынасы жеткізілген. Қазақша нұсқада *ойлау, есептеу* формасында берілген *to believe* етістігі *сену* деп аударылады. Түпнұсқа авторы сөйленістің эмоционалды әсерін ұлғайту мақсатында *to believe* бірлігін екі компонентте де қайталаса, аудармашы тавтологияға жол бермеу мақсатында екі түрлі тілдік бірлікті қолданса керек.

Ағылшын ақыны әрі жазушысы Уильям Блейк – *whose face gives no light, shall never become a star* қанатты сөзінің авторы. Құрылым қазақ тіліне *бет әлпетінен сәуле шашырамайтын жан ешқашан жұлдыз болмайды* түрінде берілді. *Face* сөзі бет мағынасын береді, десек те аудармада *бет әлпет* күрделі сөзін пайдалануға басымдық берілген. Өзге бірліктер дәлме-дәл тәржімаланды дей аламыз.

Италияның саяси ойшылы Франческо Гвиччардини – керемет қанатты сөздердің авторы. Соның бірі: *The greatest test of a man is not to resist against failures but against happiness*. Аудармада: *Адам үшін ең үлкен сын – сәтсіздіктерден гөрі бақытқа шыдау*. Түпнұсқадағы *resist* сөзі жеке алғанда *қарсы тұру* мағынасын береді. Ал аудармашы *шыдау* бірлігін алған. *Қарсы тұру* мен *шыдау* бірліктерінің синонимдік қатар құра алмайтындығын ескерсек, түпнұсқадағы мағынаның бұрмаланғандығы туралы айтуға болады. Дегенмен тура алсақ *бақытқа қарсы тұру* тіркесі бақытты болғысы келмеу, оған қарсылық білдіру мағынасын береді. Сондықтан да автор-дың шешімін дұрыс деп есептейміз.

Көне грек ойшылы Гераклит *аңдар бізбен бірге өмір сүріп жүріп, қолға үйренеді, ал адамдар бірімен-бірі қатынас жасай жүре, жабайыланады* қанатты сөзінің авторы, ағылшын тілінде *Animals living with people become tame (pet), but people associating with each ... and people communicating with each other and become wild* формасында қолданылып жүр. Ағылшын тіліндегі *people* формасы қазақ тіліндегі аудармада *біз* жіктік есімдігімен берілген. Бұл адамның жағым-сыз сипатын көрсету арқылы еш адамның кемшіліктен ада еместігін жеткізу интенциясымен қолданылса керек. Ағылшын тілінде үй жануарына қатысты арнайы *pet* бірлігі қолданылады. Осы арқылы жабайы жануардың адамға бауыр басу, үйрену қасиетінің болғанына қарамастан, адам табиғатының кері үдеріске бейімдігін сынайды. Тіркестің тірек сөзі – жабайылық. Түп-нұсқадағы *communicating* сөзінің қазақ тілінде коммуникация формасында қолданылып жүр-гендігіне қарамастан, автор төл сөздермен жеткізеді. Бұл – қанатты сөздің қарапайымдылығын арттырып, қазақ халқының санасындағы прагматикасын көбейту мақсатында.

Адамның маймылдан жаралғандығын айтқан ағылшын натуралисті Чарльз Дарвин уақыттың қадірін жете білсе керек. Оның *a man who dares to waste one hour of time has not discovered the value of life* қанатты сөзі әртүрлі тілдерге аударылды. Қазақша нұсқасында *бір сағат уақытын бос өткізуге батылы жеткен адам – өмірдің бағасын әлі жете түсінбеген жан* формасында тәржімаланды. Ағылшын тіліндегі *discovered* бірлігі тура алғанда ашу, анықтау мағынасын береді. Қазақша аудармада түсіну етістігімен берілген. Ағылшын тіліндегі *life* сөзі қазақ тілінде өмірдің бағасы тіркесімен жеткізілген. Өмірдің бағасын ашу, анықтау тіркесі өзге мағынаны беретіндіктен, аталмыш форманың мағынаны дұрыс жеткізе алатындығы белгілі.

Итальян суретшісі, ғалымы, әмбебап тұлғаның үлгісі бола алатын жан – Леонардо да Винчидің пікіріне сай, *адамдардың үш түрі болады: көретіндер, көрсетсе көретіндер, көрмейтіндер*. Ағылшын тіліндегі *There are three classes of people: those who see. Those who see when they are shown. Those who do not see* аудармасын алсақ, қазақша нұсқасының ықшамдығына назар аударамыз. Көретін адам, көрмейтін адам тіркестері -атын, -егін, -итін есімшенің жұрнағы арқылы есімденіп, ықшам формада берілген. Әрі қазақ тілінде екі компоненттен тұратын күрделі құрылымды көрсек, ағылшын тілінде өзара мағыналық байланыстағы үш сөйлемге ажыратылған.

Неміс ақыны, драматургы, өнер теоритигі Готхольд Лессингтің *егер мақсатты көзінен таса қылмаса, ең жайбасар адам мақсатсыз адасып жүрген жаннан тезірек жүреді* қанатты сөзі түпнұсқада *the slowest person unless he does not lose the sight of the goal, is faster than the one who wanders aimlessly* деп берілген. Мақсатсыз өмірдің текке кететіндігін ойшыл қарапайым салыстыру негізінде жеткізеді. Қазақ тіліндегі аудармасы да эквиваленттік лексика негізінде жасалған.

АҚШ-тың 16-президенті Авраам Линкольн әлем бойынша көп зерттелген 100 адамның қатарына енеді. Ол адам өміріндегі бақыттың орны туралы *most folks are about as happy as they make up their minds to be* деген болатын. «Ой маржандары» еңбегінде аталмыш қанатты сөз адамдардың көбі бақытты болуға қаншалықты икемделсе, соншалықты бақытты деп аударылған болатын. Ағылшын нұсқасындағы *make up their minds* тіркесі қазақ тілінде осындай түйдек түрінде берілмеген. Қазақ тілінде оның мағынасы *икемделсе* шартты рай формасындағы етістік арқылы беріледі. Актив қабатта қолданылатын *people* лексемасы *folks* бірлігімен алмастырылған.

Көне Римдік «Сатирикон» романының авторы Петроний Арбитр өмірдегі жақсы мен жаманның алмақезектілігі туралы *for wherever you find a sweet, you'll find a bitter too* қанатты сөзін айтқан болатын. Қазақ тіліндегі тәржімасы – *тәтті бар жердің бәрінен қышқылды да табасың*. Ағылшын тілінде *you* есімдігі арқылы сөйленістің бағытталу иесі көрсетілсе, қазақ тіліндегі нұсқасында адресант табасың етістігіндегі жіктік жалғауының екінші жағы арқылы көрініс береді. *Bitter* лексемасы дәлме-дәл алғанда *аиы* мағынасын береді, дегенмен, аудармашы оны *қышқыл* сөзімен ауыстыру арқылы алғашқы компонентпен абсолюттік антоним балансын бұзған. Дегенмен, аталмыш өзгерту фразаның тұтастығына, мағыналық бірлігіне нұқсан келтірмеді.

Америкалық жазушы, журналист және қоғам қайраткері Марк Твен өмірдің құндылықтардың ретін төмендегідей анықтайды: *good friends, good books and a sleepy conscience: this is the ideal life*, ол қазақ тілінде *жақсы достар, жақсы кітаптар және ұйқыдағы ұят – тамаша өмір деген осы* құрылымында қолданылады. Қанатты сөздің құрамындағы лексемаларды жеке алып қарайтын болсақ, *conscience* лексемасы намыс, ар мағынасын береді. *Ұйқыдағы намыс, ұйқыда-ғы ар* тіркестерінің қазақ танымына жат екендігін (семантикалық тұрғыдан да тіркесім сәтсіз) әрі автордың интенциясын аша алмайтындығы ескеріп, *ұйқыдағы ұят* әдемі тіркесім жасаған. *Ideal life* мінсіз өмір, кемшіліксіз (идеалды) өмір деп аударылады. Аудармашы жалпы өмірдің кемшіліксіз болмайтындығын ескеріп, оны *тамаша өмір* тіркесімен алмастырылған. Яғни Марк Твеннің керемет қанатты сөзіне автор өзінің түсінігін де қоса білді. Бұл аудармашы бағытының бір жолы. Ойымды ашып айтсам: аудармашы аударманы екі жолмен жүзеге асырады, бірі ойды толық сақтап, аударма тіліндегі абсолюттік эквиваленттерді береді. Екінші жол бойынша аудармашы түпнұсқадағы мағынаны алып, тілдік бірліктерді аударма тіліндегі тіркесімділік қабілет пен танымдық түсінік негізінде үйлестіреді. Марк Твеннің қанатты сөзін аудару барысында аудармашы екі жолдың тоғысындағы ортаңғы балансты анықтай алған.

Автордың келесі тұжырымы да көпшілікке таныс, әлдекімдердің өмірлік ұстанымына айналды: *Sing like no one's listening, love like you've never been hurt, dance like nobody's watching, and live like its heaven on earth*. Қазақ тіліне *саған ешкім қарамайтындай биле. Сені ешкім естіп тұрмағандай ән сал. Саған ешқашан опасыздық жасалмағандай сүй және жер деген Ұжмақ-тай өмір сүр* құрылымы бойынша аударылған. Қанатты сөз құрамындағы компоненттердің орындары алмасқан. Қазақ тіліндегі нұсқасындағы *саған ешкім қарамайтындай биле* фразасы жансақ аударылған, сенің биінді көрген адам екінші рет қайта қарамайтындай, қызықты болмай-тындай биле деген мағынаны меңзейді, ал ағылшын тіліндегі нұсқада билеген кезде барыңды сал, жалғыз қалғандағыдай бар жан-дүниенді салып, ойыңа келген әрекеттер жаса деген мағынаны береді. Ағылшын нұсқасындағы *heaven on earth* тіркесі (жеке тұрғандағы мағыналарында өзгешелік бар) *ұжмақ* лексикалық бірлігі арқылы аударылды, автор әдеби қолданыстағы *жұмақ* сөзін емес, *ұжмақ* бірлігін беру арқылы да белгілі интенцияны жеткізсе керек. Фонетикалық құбылыстар қатарындағы метатеза (дыбыстардың орнын ауыстырып қолдану: *ұжмақ – жұмақ*) автор аудармасындағы белгілі нормадан ауытқушылықты көрсетеді. Автор прагматикалық мақсатқа қол жеткізу үшін әдеби нормадан ауытқуды әдейі пайдалануы да мүмкін.

Атақты «Дориан Грейдің бейнесі» шығармасының авторы, белгілі ирландтық философ, жазушы, ақын Оскар Уайльдің қанатты сөздері кең тараған, әлемнің көп тілдеріне аударылған. Соның ішінде қазақ тіліне *мен өзімді-өзім таң қалдырамын. Тек сол үшін ғана өмір сүруге бола-ды* фразалары болып аударылған *I am always astonishing myself. It is the only thing that makes life worth living* қанатты сөзінде *always* сөзі түсіп қалған. *Үнемі* мағынасын беретін аталмыш бірлік қазақ тіліндегі баламасында жетіспей тұр. Дегенмен сөйленістің екінші компоненті бірінші сөйлемнің құрамындағы *үнемі* сөзінің қолданылмағандығына қарамастан, автордың интенциясын толық жеткізді.

Өмір туралы көп ой қорыту жасаған белгілі жазушы – *Life is not complex. We are complex. Life is simple, and the simple thing is the right thing* сөйленісінің де авторы. Ағылшын тіліндегі нұсқасында өмірдің күрделі еместігі айтылса, қазақша нұсқасында *өмірде күрделі ештеңе де жоқ. Күрделі біз зой. Өмір – қарапайым нәрсе, онда не қарапайымдырақ болса, сол дұрысырақ* делінген. Яғни автор өмірдің емес, өмірдегі заттардың күрделі еместігін айтады. Келесі компонент құрамында салыстырмалы шырайдың –рақ қосымшасы арқылы жасалған *қара-пайымдырақ, дұрысырақ* сын есімдері тұжырымның сенімділік сипатын азайтып, салыстырмалы мән береді. Ағылшын нұсқасындағы автордың сенімді сөйленісі қазақ тілінде аңдып сөйлейтін, салыстырмалы түрде айтқан аудармашының тұжырымына айналды.

Өмірдің мәні туралы да автордың қанатты сөздері жеткілікті, соның ішінде *өмірде екі трагедия бар. Бірі – ең асыл арманыңның орындалуына қол жеткізбеу. Екіншісі – соған қол жеткізу* қанатты сөзі пессимисттік көзқарасты білдірсе керек, түпнұсқада *there are only two tragedies in life: one is not getting what one wants, and the other is getting it* формасында берілген. Ағылшын тіліндегі нұсқасындағы *only* лексемасы автордың өмірлік трагедияны екіге ғана бөлгендігін нақтыласа, қазақша нұсқасында *екі трагедия бар* деп анықталуы да өзге де трагедияларды жоққа шығармайды. Яғни үшінші трагедияның да пайда болуы мүмкін. Десек те қазақша аударма-сында *ең асыл арман* деп анықталады, түпнұсқада *wants* формасы ғана қолданылады.

Оскар Уайльдтің келесі сөзі тіптен әсерлі әрі иронияға толы: *In old days books were written by men of letters and read by the public. Nowadays books are written by the public and read by nobody.* Қазақ тіліне *бұрын кітапты жазушылар жазып, оқушылар оқитын. Енді оқушылар кітап жазады да, оны ешкім оқымайды* деп аударылыпты. *In old days* сөзбе-сөз бұрынғы күндері мағынасын беретін тіркес *бұрын* мезгіл үстеуімен-ақ эквиваленттік мағынаны білдіреді. Ағылшын тіліндегі грамматикалық мағына ырықсыз етіс категориясымен жасалған, қазақ тілінде жақты сөйлемге айналды. Түпнұсқадағы *public* етістігі дәлме-дәл жариялау формасында аударылса, қанатты сөз құрамында *жазу* етістігімен берілді. *Nowadays* қазіргі кезде деп аударылса, сөйленіс құрамында *енді* лексемасы арқылы тәржімаланды әрі сөйленіс мағынасына зиян келмеді.

АҚШ-тың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаушылардың бірі Бенджамин Франклин бүгінгінің маңызды екендігін айтады. Аталмыш идея әлем халықтарының көбінің түсінігінде болғанымен, автордың пікірінде *One today is worth two tomorrows* құрылымында беріледі. Қазақ тіліне *бүгінгі бір күн ертеңгі екі күннен бағалы* фразасымен тәржімаланған. Аталмыш аударма-ны калькалау үлгісінде дей аламыз. Өйткені фразаның құрылымы да, формасы да сақталып, қазақ тіліндегі абсолют баламалары берілген.

Әлемнің 20 шақты университетінің құрметті докторы атағын алған теориялық физиканың негізін қалаушылардың бірі Альберт Эйнштейн өмірдегі басымдықтарды *табысқа жетуге емес, өміріңнің мәні болуына ұмтыл* қанатты сөзінде анықтап берді. Түпнұсқасында берсек: *strive not to be a success, but rather to be of value.* Ағылшын тіліндегі нұсқасында *өмір* сөзі түсіп қалған, *сәттілікке емес, маңыздылыққа ұмтыл* мағынасында берілген. Қазақша нұсқасы толықтырылған, мағыналық компоненттері өз орындарына орналасқан деп айта аламыз.

Өмір мен оның бақытты өтуі, адам табиғаты – ойшылдардың қызықтаған мәңгілік тақырып. Аталмыш тақырып талай шығармаларға негіз болып, талай пікірлерді қозғады. Солардың қатарында Антонин династиясынан шыққан Рим императорларының бірі Марк Аврелий де бар. Император бақыттың санадағы үдеріске тәуелді екендігін ұққан тамаша тұлғалардың бірі, ол *бірде-бір адам өзін бақыттымын деп есептемейінше, бақытты емес* деген болатын. Ағылшын тілінде берсек, *no man is happy who does not think himself so* фразасында мап бірлігі сөйленістің ер адамға бағытталғандығын көрсетсе, қазақ тілінде *адам* лексемасымен тәржімаланып, жыныс-тық сипатынан арылған. Бұған қазақ тіліндегі жыныс категориясының жоқтығы себеп болды деп есептейміз.

Атомистік және материалистік философияның негізін салушылардың бірі Демокрит *It is a great thing, when one is in adversity, to think of duty* қанатты фразасы арқылы адами ұстанымды меңзейді. Қазақ тіліне дәлме-дәл бақытсыздықтың бірі кезінде парыз туралы ойлау – үлкен іс формасында аударылатын сөйленісті автор *бақытсыздықта парызға адал болу – ұлы іс* формасында береді. Десек те аударма қазақ танымына икемделіп, тілдік әуезділік тұрғысынан өзінің көркемдігін сақтай алған.

Жоғарыда есімі аталған Фрэнсис Бэкон достық туралы *friendship multiplies the good of life and divides the evil* қанатты сөзін қалдырды. Қазақ тіліне *достық қуанышты екі есе көбейтін, қайғыны жартылай қысқартады* құрылымында тәржімаланған аталмыш қанатты сөзде берілген *good of life* өмірдің жақсылығы деп аударылса, *divides бөлу* мағынасын береді. Қазақшасында қолданылған *екі есе* тіркесі түпнұсқасында жоқ, яғни жақсылықты неше есеге көбейтетіндігі анықталмаған, дәлме-дәл *қайғыны бөледі* деп аударылатын *divides the evil* тіркесінің *қайғыны жартылай қысқартады* формасында берілуі фразаның алғашқы сыңарымен пропорциялық байланысты дәл сақтау үшін қажетті деп есептейміз.

Иудаизмнің құқықтық және діни-этикалық ережелерінің көп томдық жинағы – Талмудта келесі қанатты сөзі берілген: *true hero is one who converts an enemy into a friend*. Қазақ тіліне *Кім батыр? Дұшпанын досына айналдырушы батыр* деп аударылған сөйленісте *true* сөзі түсіп қалған. Дәлме-дәл аударылса, *шын батыр* қолданысы берілуі керек еді.

Француз жаулап алушысы Наполеон Бонапарттың *тән үшін ең дұрыс ем – жүйкені тыныштандыру* қанатты сөзі ағылшын тілінде *the best cure for the body is a quiet mind* формуласында берілген. Жақсы мағынасын беретін *best* лексемасы дұрыс сөзімен аударылған, *quiet mind* дәлме-дәл *тыныш ақыл* деген мағынаны береді, дегенмен қазақ тіліндегі тыныш және ақыл сөздерінің өзара тіркесімділік қабілеттерінің жоқ екендіктерін ескерсек, *жүйкені тыныштандыру* тіркесінің сәтті шыққандығын ескере кетейік.

Француз жазушысы, философ-ағартушы және драматург Дени Дидро – *Miracles where they believe. The more trust, the more often they happen* қанатты сөзінің авторы. Қазақ тіліндегі аудармасында *ғажайыптар оларға сенетін жерде бар және неғұрлым көп сенсе, олар соғұрлым жиі болады* тұжырымында беріледі. Ағылшын тілінде екі сөйлемге бөлінген қанатты сөз қазақ тілінде күрделі сөйлем түрінде берілген.

Жоғарыда берілген талдаудың негізінде ағылшын тіліндегі қанатты сөздерді қазақ тіліне аударудың бірнеше ерекшелігін атап көрсетуге болады:

1) толықтай калькалау әдісі. Аталмыш әдіс бойынша аудару кезінде түпнұсқадағы мәтін семантикалық және құрылымдық тұрғыдан сақталып, аударма тіліндегі абсолюттік эквиваленттер таңдалады;

2) жартылай калькалау әдісі. Кей қанатты сөздердің семантикалық, жалпы құрылымдық ерекшелігі сақталғанымен, қазақ тіліндегі сөздердің тілдік тіркесімділігінің ерекшелігі негізінде лексикалық алмастырулар қолданылған;

3) еркін аударма әдісі. Үшінші әдіске сай қанатты сөздердің мазмұны, идеясы сақталады, оның сөйлем құрылысы, лексикалық бірліктері аударма тілінің өзіндік ерекшелігіне икемделіп, сол тілді иеленуші халықтың танымдық үдерісіне сай жаңа лексемалар таңдалады.

Қай тілде болмасын көкейге қонымды, ұтқыр, ықшам, бейнелі, өзіндік ұлттық қасиеті бар тұрақты сөз тіркестері молынан кездесетіндігі сөзсіз. Солардың ішінде құрылымы жағынан да, компоненттерінің байланысу тұрғысынан да әр түрлі болып келетін аз сөзбен көп мағынаны білдіре алатын қанатты сөздердің орны ерекше. Қанатты сөздер мен тіркестерді аударудың лингвомәдени аспектілерін қазақ және ағылшын тілдері негізінде зерттеуге тырыстық. Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерімен танысып, олардың осы тақырыпқа байланысты жазған еңбектерін талдадық. Осы зерттеудің нәтижесінде байқағанымыз:

- қанатты сөз немесе тіркесті бір тілден екінші тіліне аудару барысында, бастапқы, ана тіліндегі мағынасын мейлінше сақтауға тырысу қажет;

- кейбір қанатты сөздердің басқа тілдегі дәл баламасын кездестіруге болады. Мысалы, «Өткен күн – кеше, тарих, келер күн – ертең, сыр, ал бүгінгі күн үлкен сый» (Қорқыт ата). Дәл осы қанатты сөздің ағылшынша нұсқасы бар. Ол «Yesterday is history, tomorrow is mystery, today is a gift» деген нұсқа. Ал осы қанатты сөздің керісінше ағылшын тілінен қазақ тіліне дәлме-дәл аудармасын жасайтын болсақ, «Кешегі күн – тарих, ертеңгі күн – жұмбақ, бүгінгі күн – сыйлық» деген нұсқа шықпақ. Яғни, Қорқыт атамыз айтып кеткен қанатты сөзбен мағыналары тым ұқсас екендігін байқаймыз.

Бір кезде шешен бабалардан, ақын-жазушылардан, қоғам қайраткерлерінің тағы басқа да заманының лауазымды, беделді, сөзге жүйрік тұлғаларының сөз саптауларынан туған сөздер халықтың жадында сақталып, рухани қазынаға айналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Атал-

мыш сөздер уақыт өткен сайын сұрыпталып, көлемі шағындалып, қолдануға даяр сөз тіркестеріне айналғандығы даусыз.

Қазақ және ағылшын тіліндегі қанатты сөздер мен тіркестерді салыстыра қарасақ, екі тілде де қанатты сөздердің шығуына белгілі бір кезең, құбылыс, оқиға әсер етіп отырғандығын байқаймыз. Алайда, қанша уақыт өтсе де, қанатты сөздердің пініші мен көлемі өзгеріске түссе де, олар сол бастапқы мағынасын сақтап отырған.

Қанатты сөздер дана халқымыздың өзімен бірге жасап, біте қайнасып, жаңғырып, жаңарып отыратын қазынасы. Оның өміршеңдігі де сонда, заманауи технологиямен жарыса білім берудегі үздік, нәтижелі жол екендігінде. Оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігі, олардың пәнге қызығушылықтарының артуымен тығыз байланысты екені сөзсіз, әсіресе қанатты сөздер студенттердің лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, топта еркін пікірлесуге әсер етеді. Қанатты сөздер студенттерді тілдік материалдарға қызықтырумен қатар, ағылшын тілінен алған білімдерін бекіту, тереңдегу үшін де тиімді. Мұның өзі қанатты сөздер студенттердің танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Қанатты сөздерді меңгеру барысында студенттер өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым-қатынасқа оңай түседі. Бұл олардың жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалдарды терең игеруіне ықпал етеді. Сондықтан оқыту барысында қанатты сөздерді қолдану – ағылшын тілі пәнін сапалы оқытудың, меңгертудің ұтымды жолдарының бірі.

1. Садырбаев С. *Образцы казахской народной литературы: Тексты и переводы.* – Алматы: Білім, 2004. – 240 с.

2. Бельгер Г. *Ода переводу. Литературно-критические статьи, исследования, эссе о проблемах художественного перевода.* – Алматы, 2005. – 418 с.

3. Адамбаев Б. *Халық даналығы.* – Алматы: Мектеп, 1976. – 246 б.

4. Уәлиев Н. *Сөз мәдениеті.* – Алматы: Мектеп, 1984. – 125 б.

5. Тұрманжанұлы Ө. *Қазақ мақал-мәтелдері.* – Алматы: Ана тілі, 1993. – 176 б.

6. Төрехұлов Н. *Қанатты сөздер.* – Алматы. – 134 б.

7. Баймаханова Т., Өтешева Н., Байтөлеева Н. *Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках.* – Алматы: Мектеп, 1988. – 160 с.

8. *Ой маржандары: сіздің өміріңізді өзгертетін афоризмдер /Құраст. А. Бейсен.* – Алматы: Толғанай Т, 2014. – 1-2-кітап. – 528; 536 бет.

Резюме

Бурибаева Ж.Б. – старший преподаватель кафедры профессионально-ориентированных языков КазНПУ имени Абая, janar_0608@mail.ru

Особенности перевода крылатых слов и выражений

В статье рассматривается перевод крылатых слов и выражений как средство развития будущего специалиста - переводчика, выделяются особенности передачи английских крылатых слов и пословиц на казахском языке.

Ключевые слова: казахские пословицы и поговорки, крылатые слова, культурное наследие, культурные ценности, особенности перевода.

Summary

Buribaeva Zh.B. – senior lecturer of the department of professionally oriented languages at Abai Kazakh national pedagogical university, janar_0608@mail.ru

The peculiarities of conveying winged words and expressions

The article discusses the translation of winged words and expressions as a means of development of the future translator, and highlighted the peculiarities of the translation of English winged words and sayings into Kazakh.

Key words: Kazakh Proverbs and sayings, winged words, cultural heritage, cultural values, peculiarities of translation

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА COGNITIVE LINGUISTICS

УДК 37.016:811.111

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ: КОГНИТИВНО-КОММУНИКАТИВНЫЙ ПОДХОД

*Балмуханова С.Н. – к.ф.н., доцент кафедры профессионально-ориентированных языков
КазНПУ им.Абая*

В статье рассматривается проблема формирования межкультурной компетенции, которая является одной из ключевых компетенций специалистов в области иностранных языков. Отмечая взаимосвязь и взаимозависимость преподавания иностранных языков и межкультурной коммуникации, автор подчёркивает ведущую роль коммуникативной составляющей как компонента коммуникативной компетенции при формировании межкультурной компетенции. Однако, достижение коммуникативной компетенции и, следовательно, межкультурной компетенции является невозможным без наличия фоновых знаний, которые составляют основу когнитивной направленности обучения иностранному языку. Коммуникативно-когнитивный подход, учитывающий как коммуникативную направленность процесса обучения иностранному языку, так и когнитивную составляющую межкультурного общения, является важной предпосылкой успешности межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: межкультурная компетенция, межкультурная коммуникация, фрейм, когнитивно-коммуникативный аспект, иностранный язык.

Как известно, для современного этапа глобализации характерно интенсивное расширение интеграции различных стран, народов и их культур. Процесс охватил самые различные слои и сферы общественной жизни всех стран мира, став практически доминирующим среди тенденций глобального масштаба. В качестве участников любого вида межкультурных контактов людям приходится взаимодействовать с представителями других культур, зачастую существенно отличающихся от них, имея ввиду культурную составляющую в широком смысле слова, что, как правило, затрудняет эти контакты и даже делает их невозможными. В условиях, когда смешение народов, языков, культур достигло глобального по сути уровня, вопрос о необходимости осмысления коммуникации между людьми, осознания факторов препятствующих ей и способствующих ей приобрел особую остроту и злободневность. Основные причины неудач межкультурной коммуникации лежат в различиях в мироощущении, т.е. в ином отношении к миру и к другим людям. Главное препятствие, по мнению исследователей, состоит в том, что люди воспринимают другие культуры через призму своей культуры.

В связи с этим, на первый план выступили проблемы воспитания толерантности и уважения к другим народам и их культурным ценностям, формирование открытости, готовности к общению, преодоления в себе чувства неприятия других культур, способность преодолевать конфликты, а также осознание глобальной взаимозависимости. Именно этим обусловлено всеобщее внимание к вопросам межкультурной коммуникации. Сейчас стало ясным, что эффективная межкультур-

ная коммуникация не может возникнуть сама по себе, этому необходимо целенаправленно обучать.

Тесная связь и взаимозависимость преподавания иностранных языков и межкультурной коммуникации бесспорны. Целью обучения иностранному языку является, как известно, не система языка, а речевая деятельность как средство межкультурного взаимодействия. Язык, являясь элементом культуры, функционирует в рамках определенной культуры. Следовательно, для успешного диалога носителей разных культур надо обучать особенностям функционирования языка в иноязычной культуре.

Конечным результатом обучения иностранному языку является создание у студентов нового культурного сознания, заключающегося в способности при контактах с другой культурой понять иной образ жизни, иные ценности, по-иному воспринять ценности собственной культуры и отказаться от существующих стереотипов и предрассудков. В данном случае речь идет о межкультурной компетенции, являющейся одной из важнейших ключевых компетенций современногоспециалиста. Межкультурная компетенция, по мнению некоторых исследователей, определяется как способность членов некоей культурной общности добиваться понимания в процессе взаимодействия с представителями другой культуры путем использования компенсаторных стратегий для предотвращения конфликтов «своего» и «чужого» и создавать в результате взаимодействия новую межкультурную общность». [1] Г.В. Елизарова рассматривает межкультурнуюкомпетенцию как составную часть иноязычной коммуникативной компетенции, но с некоторыми дополнительными компонентами, основанными на учете проекции культуры на сферу общения. [2] В соответствии со следующим определением, межкультурная компетенциясостоит в умении учитывать межкультурные различия в процессе иноязычного общения и формируется совокупностью межкультурных аспектов содержания иноязычной коммуникативной компетенции. [3]

В данной работе мы придерживаемся определения, согласно которому «межкультурная компетенция - это сформированные в учебном процессе знания, навыки, умения и способности медиатора культур с целью использования их индивидом при осуществлении межкультурного общения на иностранном языке таким образом, чтобы был достигнут положительный для всех участников межкультурного общения результат». [4]

Вслед за исследователями, в качестве основного подхода к формированию межкультурной компетенции нами рассматривается когнитивно-коммуникативныйподход, который нацелен на реализацию двух аспектов: учета коммуникативной направленности процесса обучения иностранному языку и учета когнитивной составляющей межкультурного общения. Целостность когнитивногои коммуникативного основана на единстве двух основных функций языка: умении лексически и грамматически строить фразы и использовать приобретенные знания и навыки в целях взаимодействия с другими людьми. [5]

Коммуникативная основа обучения межкультурному общению определяет содержание и организацию обучения иностранному языку, а также соединение языка и культуры в процессе познания иной лингвокультурной общности. Коммуникативный характер занятий направлен, прежде всего, на формирование коммуникативной компетенции путем максимального приближения процесса обучения к процессу реальной коммуникации. Особенность такого процесса обучения предусматривает организацию активной речетворческой деятельности обучаемых посредством постоянного обращения к языку как средству общения, использования коллективных форм работы, внимания к проблемным ситуациям, а также упор на таких особенностях коммуникативного подхода, как мотивированностьобщении на иностранном языке, речемыслительная активность, контактность, информативность, и др.

Все вышеизложенное, усиленное утверждением о том, что коммуникативная деятельность – это единство языка и культуры, т.к. общаясь на изучаемом языке, студенты знакомятся с национально-культурной особенностями спецификой общения, [6] позволяют нам поддержать тезис исследователей о ведущей роли коммуникативной составляющей как компонента коммуникативной компетенции при формировании межкультурной компетенции.

Однако, достижение коммуникативной компетенции и, следовательно, межкультурной компетенции практически невозможно без наличия соответствующих фоновых знаний, которые составляют основу когнитивной направленности обучения иностранному языку и являются

главной предпосылкой успешности межкультурного общения. Фоновые знания трактуются как общий код, который позволяет говорящим на одном языке понимать друг друга посредством взаимобратного знания реалий общения. Иными словами, успешное межкультурное общение базируется наобоюдном соответствии фоновых знаний участников коммуникации. Объем фоновых знаний определяется исследователями как фреймовая или когнитивная пресуппозиция. Данная пресуппозиция является невербальным компонентом общения и рассматривается как национально-специфический индикатор межкультурного общения. [4]

В основе фреймовой пресуппозиции лежит концепт, который трактуется как понятие, стоящее между предметом реального мира и обозначающим его словом, обусловленное культурой и видением мира того или иного народа. [7] Концепт представляет собой некий образ, понятие, схему или сценарий, отражающий видение мира того или иного народа. Фоновые знания при межкультурном общении являются частью общих знаний данного лингвокультурного общества. Совокупность знаний, практически общих для всех представителей данной лингвокультуры, составляет когнитивную базу данного культурного сообщества. [8] На основании вышеизложенного, можно заключить, что процесс обучения межкультурному общению и развития межкультурной компетенции как цели такого обучения должен быть нацелен на то, чтобы студенты были, прежде всего, ориентированы на овладение такими знаниями, которые являются частью национального менталитета лингвокультурного сообщества, т.е. фоновыми знаниями, представляющими собой непреложное условие успешной реализации межкультурного общения.

В научной литературе дифференцируется несколько иерархических уровней когнитивности, которые соотносятся с компонентами коммуникативной компетентности и свидетельствуют о присутствии и влиянии когнитивных процессов на ее формирование. К данным уровням относятся: 1) уровень правила, на котором происходит выполнение действий в соответствии с правилами; 2) уровень значения, на котором происходит осознание и понимание значений употребляемых языковых единиц; 3) уровень речевой деятельности, который подразумевает схему построения высказывания (логику); 4) культурологический уровень, на котором происходит осознание того, насколько данная презентация соответствует культурным нормам носителя языка; 5) когнитивный уровень, на котором обучающиеся осознают свои когнитивные стратегии, их эффективность, и получают возможность самостоятельно оценить свой языковой и речевой уровень. [9, с.21] Базовой единицей когнитивного уровня, по мнению исследователей, является концепт. Существует точки зрения о том, что концепты находят вербальное выражение на различных уровнях языка: лексическом, грамматическом, морфологическом, а также на уровне текста. В процессе формирования межкультурной компетенции должен осуществляться переход к концептуальному уровню, т.е. уровню схем, прототипов и фреймов с учетом их отличий в культурах. Фрейм трактуется как модель культурно-обусловленного знания, которое является общим для части говорящего сообщества. [9, с.57]

Рассматривая суть и значимость принципа когнитивной составляющей при формировании межкультурной компетенции, мы, вслед за исследователями, принимаем за основу точку зрения, согласно которой при обучении межкультурному общению следует обеспечить когнитивную систему студента знаниями, соотносимыми со знаниями о мире представителя иной социокультурной общности. Эти знания должны накапливаться в сознании на «основе формирования соответствующих фреймов, структурироваться в тезаурусе с помощью специально отобранных текстов, содержащих фреймовые пресуппозиции». [10] При этом считается целесообразным указывать на культурологические соответствия и различия, существующие между аналоговыми фреймами в родном и иностранном языке. Вполне очевидно, что для формирования коммуникативной компетенции вне языкового окружения недостаточны коммуникативные упражнения, в этом случае принципиально важно предоставить студентам возможность решать задания, которые ориентированы на порождение и активизацию мышления, рассуждения, логики в ходе поиска возможных путей их решения. Такой подход позволяет сделать акцент на активной мыслительной деятельности, так чтобы внимание было сфокусировано на мысли, а язык выступал в своей непосредственной функции формирования и формулирования мыслей. Среди заданий, которые могут ориентировать студентов на соответствующие фреймы в процессе обучения межкультурному общению, можно выделить задания из категории активных методов обучения, как-то разнообразные задания дискуссионного плана, ролевые игры, симуляции и др.

В заключение, возможно сделать вывод о том, что приоритетным подходом при формировании межкультурной компетенции в процессе обучения иностранному языку является, вне всякого сомнения, его коммуникативная направленность. Тем не менее, когнитивная направленность в контексте обучения иностранному языку также актуальна и не менее релевантна. Особую значимость когнитивные процессы приобретают при формировании межкультурной компетенции, т.к. она формируется посредством познания иной культурной реальности, иных культурно-поведенческих норм, отношений и культурных традиций.

1. Цветкова С.Е. Специфика межкультурной коммуникативной компетенции у студентов экономических специальностей. *Известия Волгоградского гос.пед. ун-ва. Выпуск 9.* – 2009.
2. Елизарова Г.В. *Культура и обучение иностранным языкам.* – СПб.: КАРО, 2005. – С.352.
3. Евдокимова М.Г. Система обучения иностранным языкам на основе информационно-коммуникационных технологий: автореф. дис. ...д-ра пед. наук. – М., 2007. – 49 с.
4. Фурманова В.П. Межкультурная коммуникация и лингвокультуроведение в теории и практике обучения иностранным языкам. – Ижевск, 1993. – С. 79.
5. Щетилова А.В. Коммуникативно-когнитивный подход к обучению французскому языку как второму иностранному. *Теоретические основы.* – М., 2003. – С. 299.
6. Халева И.И. Некоторые проблемы обучения межкультурной коммуникации на основе когнитивного подхода. *Психолингвистика и межкультурные взаимоотношения: тез. докл. 10 Всесоюз. Симпозиума по психолингвистике и теории коммуникации, Москва, 3-6 июня, 1991.* – М., 1991. – С.312.
7. Ступакова Е.Н. Особенности проявления национального менталитета в языковых явлениях. *Лингвистика. Межкультурная коммуникация. Перевод. Вып. 4.* – Курск, 2002. – С.113.
8. Гудков Д.Б. *Теория и практика межкультурной коммуникации.* – М., 2003. – С.98.
9. Алмазова Н.И. Когнитивные аспекты формирования межкультурной компетентности при обучении иностранному языку в неязыковом узле: автореф. дисс. ...д-ра пед. наук. – СПб., 2003. – С.21.
10. Халева И.И. *Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика).* – М., 1989. – С.181.

Түйіндемe

Балмұханова С.Н. – ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ
кәсіби бағыттағы тілдер кафедрасының доценті

Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру: когнитивтік-коммуникативтік тәсіл

Мақала шет тілдер саласында мамандардың негізгі құзыреттіліктердің бірі болып табылатын мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Шетел тілдері мен мәдениетаралық қарым-қатынасты оқытудың өзара байланысын атай отырып, автор мәдениетаралық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарым-қатынастың негізгі рөлін атап көрсетті. Демек, коммуникативтік құзыреттіліктің жетістігі мәдениетаралық құзыреттілікті шет тілін оқытуда танымдық бағыттағы негізгі фондық білімнің қатысуынсыз мүмкін емес. Шетел тілін үйрену коммуникативтік бағыт ретінде және мәдениетаралық диалогта когнитивтік-коммуникативтік компонент екі жақта когнитивтік және коммуникативтік көзқарас мәдениетаралық қарым-қатынастың табысы үшін маңызды шарт болып табылады.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық қарым-қатынас, мәдениетаралық құзыреттілік, жақтау, когнитивтік және коммуникативтік көзқарас, шетел тілі.

Summary

Balmukhanova S.N. – candidate of philological science, associate professor
Abai KazNPU Chair of professionally-oriented Languages

Communicative competence formation: cognitive-communicative approach

The article deals with the issue of intercultural competence formation which is one of key competences of foreign language specialists. Stating the interrelation and interdependence of foreign language teaching and intercultural communication the author emphasizes the leading role of communicative competence in intercultural competence formation. However, reach of communicative competence and, by that, intercultural competence is hardly possible without background knowledge which is the basis for cognitive-oriented foreign language teaching.

Communicative-cognitive approach, considering both the communicative aspect of foreign language teaching process and cognitive aspect of intercultural interaction is a crucial prerequisite of successful intercultural communication.

Key words: intercultural competence, intercultural communication, frame, cognitive-communicative approach, foreign language.

УДК378.016:8127

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОНЯТИЯ «ВРЕМЯ» В КИТАЙСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

Есжанова А. А. – магистрант 2 курса специальность 6М011900-иностраннный язык:

два иностранных языка Института филологии и полиязычного образования

КазНПУ имени Абая, aigul.yezhanova@mail.ru,

Научный руководитель – Тохметов А.Т. – профессор кафедры восточных филологии, к.и.н.,

tokhmetov@mail.ru

